



25 маусым, бейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

COVID - 19

2 Жағдай бейқамдықты көтермейді



ПРЕСС-ТУР

3 Талпынғанға табыс бар



ТАҒЫМ

5 "Директорлар дайындайтын ауыл"



ӨНЕР

6 Жібек баулы сұңқардай самға биік



● ПРЕЗИДЕНТ



Мемлекет басшысы «BIZ BIRGEMIZ» жалпыұлттық онлайн-форумына қатысты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде әлемнің барлық елі, оның ішінде Қазақстанның да коронавирус індетіне қарсы күресіп жатқанын айтты. Осыған орай, мемлекет тарапынан қолға алынған аса маңызды шараларға тоқталды.

«BIZ BIRGEMIZ» жалпыұлттық онлайн форумы

— Коронавируспен күресу үшін бюджеттен қомақты қаражат бөлінді. Тұрмысы төмен отбасыларға азық-түлік таратылды. Шағын және орта бизнес өкілдеріне бірқатар жеңілдік жасалды. Елбасының бастамасымен құрылған «Біргеміз» қорынан да көлемді қаржы бөлініп, мұқтаж жандарға нақты көмек беріліп жатыр. Бұл жұмысты «Nur Otan» партиясы белсенді түрде жүзеге асыруда. Осының бәрі бірлігіміздің бекемдігін көрсетеді, — деді Мемлекет басшысы.

Форум барысында Қасым-Жомарт Тоқаев індеттен қайтыс болған азаматтардың туыстары мен жақындарына көңіл айтып, вирус жұқтырғандардың тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді. Президент халықты осындай қиын-қыстау кезеңде зор жауапкершілік танытып, өздерінің, туыстарының және жақындарының денсаулықтарына жанашырлықпен қарауға шақырды. Мемлекет басшысы халқымыздың ауызбіршілік, сабырлық, жанашырлық секілді дәстүрлі құндылықтарын атап өтіп, медицина және полиция қызметкерлеріне, әскери және мемлекеттік қызметшілерге, волонтерлар мен журналистерге, сондай-ақ, қайырымдылық жасаған адамдарға ризашылық білдірді.

— Дәрігерлер, медбикелер, санитарлар мен жедел жәрдем қызметкерлері! Эпидемиямен күресте ең ауыр жұмыс сіздерге жүктелді. Сіздер күн сайын бүкіл елге ерік-жігердің, қайсарлықтың, батылдықтың ерен үлгісін көрсетіп келесіздер. Біз бұдан нағыз патриотизмді көреміз. Аса қиын жағдайларда ерлікке тән әрекет жасайтындарыңызды білемін. Пандемияның қайта өршіп, ауқымы кеңейе түскен кезде сіздер қорғаныс киімдерінің, қажетті дәрі-дәрмектердің, науқастарға арналған орындардың жетіспеушілігі және басқа да қиындықтармен бетпе-бет келіп отырсыздар. Біз бұл проблемаларды жақын арада шешеміз. Аталған жағдайды шұғыл ретке келтіру үшін Үкіметке нақты тапсырма берілді, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстандағы әрбір 100 мың адамға шаққанда 80-нен аса азаматтың дертке шалдыққанын және мұның әлемдік статистика бойынша орташа көрсеткіш екенін айтты. Науқастар сапалы ем қабылдап жатыр. Бір топ медицина қызметкері жанкешті еңбектері үшін мемлекеттік орден-медалдармен марапатталды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау органдарының жұмысын да жоғары бағалады.


— Қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық полицияның мінсіз қызметіне байланысты. Бүгінде карантин шараларының сақталуын қадағалап, бекеттерде қызмет етіп келесіздер. Бұл оңай жұмыс емес. Тіпті, қоғам өкілдері тарапынан сыңға ұшыраған кездеріңіз де болды. Дегенмен, тәртіп сақшыларының басым бөлігі — адал қызмет етіп жатқан азаматтар. Мұны ешкім жоққа шығара алмайды, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Төтенше жағдай режимін тоқтатқаннан кейін азаматтарымыз босансып кеткен, қауіп-қатерді елемеген, медициналық тәртіп пен ескертулерді сақтамаған, тіпті, кейбір адамдар мұндай ауру жок деген қауесетке сенген. Сондықтан Үкімет карантин шараларын қайта күшейтті. Бірақ бұл көңіл-күйді түсіріп, сарыұайымға салынуға себеп емес. Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз толыққанды, қалыпты тіршілігін жалғастыра беру керек деп санайды.

— Бүкіл әлемдегі адамдар карантин кезінде отбасыларымен арадағы қарым-қатынасты қалай бекіте түскені, балаларына көп көңіл бөліп, олардың проблемалары мен алаңдаушылығына уақыт арнағаны туралы өз тәжірибелерімен бөлісе. Суретшілер, музыканттар, акын-жазушылар карантин уақытында шығармашылықпен өнімді айналысқандарын айтуда. Яғни, әрбір қиындықтың өз қайыры болады. Әрбір дағдарыс жана мүмкіндіктерге жол ашады. Біз бұл дағдарысты бірлесіп отырып міндетті түрде жеңеміз, одан рухымызды шыңдап, дүниеге деген көзқарасымызды өзгертіп шығарымыз, — деді Мемлекет басшысы.

«BIZ BIRGEMIZ» атты жалпыұлттық онлайн-форумы аясында коронавирусқа қарсы күресте алдыңғы шепте жүріп, ерлік көрсеткен бірқатар азамат Қазақстан Президенті тағайындаған «Халық алғысы» арнаулы медалімен марапатталды. Сонымен қатар елордада пандемиямен күрестегі азаматтарымыздың ерлігін мәңгі есте сақтау үшін ескерткіш орнатылады.

ӘСКЕРИ ПАРАДҚА ҚАТЫСТЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына орай Мәскеуде, Қызыл алаңда өткен әскери парадқа қатысып, «Белгісіз солдат» қабіріне гүл шоғын қойды.

Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің бастамасымен Мемлекет басшы-лары және Үкімет жетекшілері деңгейінде өткен салтанатты шараға Қасым-Жомарт Тоқаевпен



қатар, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Молдова Президенті Игорь Додон, Сербия Президенті Александар Вучич, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, сербтерден Босния және Герцеговина Президиумының төрағасы Ми-

лорад Додик, сондай-ақ, бірқатар халықаралық ұйымдардың басшылары қатысты.

Салтанатты шеруде 13 мыңнан астам әскери қызметші, 216 әскери техника және әртүрлі 75 әскери ұшу аппараты сап түзеді.

Қызыл алаңнан 53 жаяу әскер

колоннасы, ТМД елдері және басқа да шет мемлекеттердің қарулы күштерінен құралған 13 топ салтанатты түрде сап құрап өтті. Аталған шараға Қазақстан Республикасының атынан десанттық шабуылдаушы әскери бөлімінің 55 сарбазы қатысты.

«ХАЛЫҚ АЛҒЫСЫ» МЕДАЛІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

«Biz Birgemiz» жалпыұлттық онлайн-форумының ашылу салтанаты өтті. Шарада Мемлекет басшысы бейнеутдеу жолдады.



— Құрметті отандастар! Бүгінде әлемдегі барлық елдер, соның ішінде Қазақстан да коронавирус індетіне қарсы күрес жүргізуде. Бұл — әріне, өте ауқымды әрі күрделі жұмыс. Осыған орай мемлекет тарапынан теңдессіз шаралар қабылданды. Коронавируспен күресу үшін бюджеттен қомақты қаражат бөлінді.

Тұрмысы төмен отбасыларға азық-түлік таратылды. Шағын және орта бизнес өкілдеріне бірқатар жеңілдік жасалды. Елбасының бастамасымен құрылған «Біргеміз» қорынан да көлемді қаржы бөлініп, мұқтаж жандарға нақты көмек беріліп жатыр. Бұл жұмысты «Nur Otan» партиясы белсенді түрде жүзеге асыруда.

Осының бәрі бірлігіміздің бекемдігін көрсетеді, — деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Шара барысында өңір әкімдері коронавирусқа қарсы күресте алдыңғы шепте жүріп, ерлік көрсеткен бірқатар азаматтарға Қазақстан Президенті тағайындаған «Халық алғысы» арнаулы медалін табыстады.

Қызылорда облысынан қалалық көпбейінді ауруханасының терапевт дәрігері Серікбол Сапарбаев, Қармақшы аудандық ауруханасы меіргері, пост қызметкері Дариха Досаева, облыстық полиция департаментінің қызмет инспекторы Абзал Тасмағанбетов, «Абай Дәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Мұрат Сәрсенбаев, азаматтық қоғам өкілі, «Бітім» Медиация орталығы» қоғамдық бірлестігінің директоры Ләззат Бактыбаева, «Қызылорда тазалығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас инженері Нұрлыбек Сейлханов және облыстық «Qyzylorda» телеарнасының арнаулы тілшісі Тәжімұрат Әлжанов марапатталды.

«СБ» ақпарат.

ҰБТ: Алғашқы күнгі жоғары балл – 130

Облыста Ұлттық бірыңғай тестілеу 22 маусымда басталды. Білім сынағының бірінші күні Шиелі ауданында өтті. Тестілеуге 174 оқушы келіп, 1-үй өз еркімен бас тартты. Сонымен бірге, сынаққа кірген 2 оқушы тыйым салынған заттарды қолданғаны үшін БҒМ өкілдерінің шешімімен аудиториядан шығарылды.

Ғазиза ӘБІЛДІА,
«Сыр бойы»

Тестілеу сынағы карантин жағдайында ұйымдастырылғандықтан, түлектер бетпердемен, арақашықтықты сақтай отырып, тапсырды. Алғашқы күнде ең жоғары балл 130 болды. Оны №41 мектептің оқушысы Диас Қиянбекұлы еншіледі. Ал 27 оқушы 100-ден аса ұпай жиналды.

Кеше, Арал қаласындағы №262 мектеп-гимназиясында Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағы күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режиммен өтті. ҰБТ тапсыратын 570 түлектің алғашқы легі бекітілген тәртіпте тест тапсырды. Айта кетейік, Арал ауданы бойынша ҰБТ 23, 24, 25 маусым күндері (3 күн) өтеді.

ҰБТ өтіп жатқан мектеп ғимаратында 10 аудитория жабдықталған. Қатысушылар арасында әлеуметтік арақашықтық, алдын ала орындарының белгіленуі, маскалық режим талапқа сәйкес сақталған. Тестілеудің өту барысын бақылау мақсатында барлық аудиторияларға және залға арнайы бейнебақылау камералары орнатылып, атаналар үшін онлайн трансляция жүргізілуде.

Айта кетейік, биылғы оқу жылында аудан бойынша 784 түлек мектеп бітірген болса, олардың 63-і — «Алтын белгі», 11-і «Үздік аттестат» иегері атанды.



537 адам аурудан айықты

Сәрсенбі күні аймақта коронавирус инфекциясымен тіркелген симптомды науқастар саны 587-ге жетсе, симптомсыздар саны – 314. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусаметов хабарлады.

— Симптомды 10 жағдайдың 9-ы скринингтен анықталса, бір науқас індет жұқтырған адаммен байланыста болған. Ал 37 симптомсыз деректің 26-сы скринингтен, жетеуі ақылы сынама тапсыру арқылы, төртеуі қарым-қатынастан анықталды, — деді ол.

Сондай-ақ, осы кезге дейін вирус жұқтырғандармен байланыста болған 6713 адам анықталды. Оның 4308-і тікелей қарым-қатынаста, 2405-і жанама байланыста болған. Ал 537 адам аурудан айықты.

«СБ» ақпарат.

ДӘРІ-ДӘРМЕК ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ

Қазақстан Республикасының халқың дәрілік заттармен қамтамасыз етуді ТМҚКК және МӘМС шеңберінде тегін медициналық ұйымдар және ақылы негізде жеке меншік дәріханалық ұйымдар жүзеге асырады.

Қызылорда облысында фармацевтикалық қызметпен 328 дәріхана, дәріханалық пункт айналысады, оның ішінде 178-і Қызылорда қаласында орналасқан. Барлық дәріханалар — жекеменшік субъектілері. Дәріханалардағы дәрілік заттардың ассортименті кәсіпкерлік түріне байланысты (микро, шағын, орта, ірі) және орта есеппен 500-ден 5000-ға дейін аталымды құрауы

мүмкін. Дәріханалардағы дәрілік заттардың қоры ай сайынғы қажеттілікке, маусымдыққа және халықтың сұранысына байланысты сатып алынады. Сонғы 3-4 күн ішінде халық тарапынан ыстықты түсіретін, вирусқа қарсы, антибактериалды, иммуномодуляциялық препараттарға сұраныс күрт артты. Мысалы, бір дәріханадан бір мезетте бұрын бір айлық қор болып есептелетін

2000 конвалюта Аспирин дәрілік затын сатып алу фактісі орын алған. Осындай жағдай наурыз-сәуір айларында халықтың жеке қорғаныш құралдарын жаппай сатып алуы салдарынан дәріханаларда жасанды жетіспеушіліктің туындауына әкелген болатын. Бүгінгі күні барлық дәріхана ұйымдарында жеке қорғану құралдары жеткілікті мөлшерде бар. Қазіргі уақытта дәріхана ұйымдары халықтың қажеттіліктері мен сұранысына сәйкес дәрілік заттарды сатып алуды жүзеге асырады.



ЖАҒДАЙ БЕЙҚАМДЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ

Күн өткен сайын коронавирус жұқтырғандардың саны артып, мамыр айының соңынан бастап көрсеткіш күрт өсті. Вирустың жағда да, күзге де қарамайтыны белгілі болды.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»



Ауру адам таңдамайды. Әлемге таралған індеттің ілмегінен құтылатын бір ғана дәрісіз ем бар. Қырық жылдан астам денсаулық сақтау саласында еңбек еткен, облыстық медицина ардагерлер кеңесінің төрайымы Раиса Көзденова «ой – оқшаулану, жеке гигиенаны және көпшілік арасында арақашықтықты сақтау» дейді.

– Сонғы күндері ауру белен алып баралы. Оны сіздер де, біз де байқап отырмыз. Еліміздің басты байлығы адам және оның денсаулығы десек, қазіргі мақсатымыз ең басты байлығымызды сақтау болып тұр. Сондықтан індеттің жылдам таралуы мені алаңдатады. Жалпы тарихта талай рет пандемия болып, қаншама адам дертіне дәру таба алмай, өмірден өткенін білеміз. Ата-бабаларымыз халықты қынадай қырған мұндай жағдайға «нәубет» деп айдар тағып, сақтанып отырған. Облыс тұрғындары мен қонақтары осы індеттен сақ болуға шақырамын. Қазіргі жағдай бейқамдықты

көтермейді, – деді ардагер.

Раиса Әблешқызы ер адам өзін өзі сақтандырып, қарапайым ережелерді қатаң ұстануы қажеттігін де атап өтті. Иә, бірнеше айға созылған пандемия маска қолдану, арақашықтықты сақтау, антисептик пайдалану сынды қиын емес талаптарды сақтанбаса болмайтынын, «қырық кісі бір жақ, қыыр кісі бір жақ» болып негізсіз пікір айтудан аулақ болу керегін аңғартты. Себебі, ауру симптомсыз сезілмейтін науқастардың өзі вирус тасымалдап, жақындарына қауіп төндіріуі мүмкін. Бүгінде әлем елдерінің карантин талаптарын күшейтіп, дабыл қағуы берекер емес. Өйткені, миллиондаған адамға жұққан індеттің бетін қайтаратын вакцина әлі де табылған жоқ.

Жедел жәрдемге жүтінушілер көп

Жай күндердің өзінде жұмысы қауырт болатын жедел-жәрдемнің қызметі пандемия уақытында бірнеше есеге ұлғайды. Облыстық медициналық жедел жәрдем станциясына тәулігіне 1900 қоңырау мен шақыртулар түседі екен.

Оған станцияға қарасты 49 бригада уақытылы үлгеруі тиіс. Әрине, техникалық мүмкіндікті айтпағанның өзінде, адами фактордың өзі осыныша қарбаласқа шыдай бермесі анық. Соған қарамастан ақ халатты абзал жандар адам жанына араша түсуі үшін қолдан келгенін барлығын жасап бағуда.

– Пандемия басталған алғашқы айларда шақырту азайған болатын. Қазіргі күні тұмау, қауіпті індеттің өршуі жедел жәрдемнің көмегіне жүгінетіндер қатарын көбейтуде. Шақыртудың көптігінен кейде үлгермей жатамыз. Бүгінде тұрғындардың тарапынан тыныс жүйесінің, онан соң қан айналым жүйесінің ауруына, жедел респираторлы вирусты инфекцияға байланысты шағым көп, – дейді бас дәрігердің ұйымдастыру әдістемелік жөніндегі орынбасары Ж.Досжанов.

Аймақта “103” қызметтері құрал-жабдық, материалдық-техникалық базамен толық қамтамасыз етілген. 49 бригаданың 18-і мамандандырылған дәрігерлік бри-

гада болса, 31-і фельдшерлік бригада.

Қазіргі кездегі қалыптасқан жағдайға байланысты жедел жәрдем бригадалары шақыртуларға дер кезінде барып, пациенттің жағдайын қарауға барыныша күш салуда.

– Маусым айындағы шақыртулар едәттегіден өте көп. Дәрігерлер бөріне үлгеруге тырысады. Жұмыс болған соң кешігулер болады. Тұрғындар тарапынан да түсінүшілік танытып, сақтық шараларын қолға алса, – дейді Жомарт Досжанов.

Жалпы республика бойынша жедел жәрдем қызметі бес ай ішінде 3 миллионнан астам шақыртуға қызмет көрсеткен. Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы басқарма төрағасының міндетін атқарушы Бауыржан Жүнісовтің мәлімдеуінше, елімізде маусым айында шақыртулар саны 10%-ке артса, жедел жәрдемге ике артқандар саны 18 мыңға жетуде.

«СБ» ақпарат

ДӘРІ-ДӘРМЕК ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ

Дәрілік заттарға өтінімдердің ұлғаюына байланысты дистрибьютор оларды кешіктіріп жіберуде. Қазіргі кездегі елімізде эпидемиологиялық ахуалдың күрделенуіне байланысты барлық фармацевтикалық ұйымдар қызметкерлерінің бір бөлігі «қашықтан» жұмыс жасауда. Кейбір дистрибьюторлық ұйымдарда қызметкерлер коронавирустық инфекция жұқтырған және қазіргі уақытта ем қабылдауда. Осындай дәрі-дәрмек тапшылығы республика бойынша барлық аймақта байқалады.

Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, дәріханада дәрігер жазып берген дәрілік зат болмаған жағдайда, дәріхана маманы дәрігердің келісімінсіз пациентке халықаралық патенттелмеген атауымен дәрілік заттың ең төменгі бағасынан бастап бар оның аналогтарын ұсынады немесе емдеуші дәрігермен келісім бойынша оны фармакологиялық аналогпен ауыстырады. Мысалы, «Азитромицин, таблеткалар 500 мг» дәрілік заты әртүрлі сауда атауларымен сатылады, атап айтқанда «Азибиот®», «Азитро®», «Азитромицин-Сандоз®», «Зинфект», «Зиромин», «Сумамед®», «Зитрокс», сол секілді «Парацетамол 500 мг таблеткалар» дәрілік заты «Эффералган», «Панадол», 5 өндірушіде «Парацетамол» сауда атауларымен сатылады.

Әлеуметтік желілерде Қызылорда қаласы дәріханаларында ыстықты түсіретін, вирусқа қарсы, антибактериалды дәрілік заттардың болмауына, сондай-ақ оларға бағаның жоғарылауына байланысты шағымдардың көбеюіне орай департамент Қызылорда қаласы дәріханаларының дәрілік заттармен қамтамасыз етілуіне, сондай-ақ аталған дәрілік заттардың бөлшек саудада шекті бағаларының сақталуына мониторинг жүргізді.

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде дәріханалардың көпшілігінде препараттардың мөлшері жеткілікті екені, ұсақ дәріханалық ұйымдарда кейбір антибиотиктер, ыстықты түсіретін және вирусқа қарсы дәрілік заттар жоқ екені анықталды. Қазіргі таңда дәрілік заттарды дистрибьюторлық қоймалардан алуға тапсырыстар жолданған. Бөлшек сауда бағалары Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген дәрілік заттардың шекті бағаларын сақтау мониторингі бөлігінде Қызылорда қаласының дәріханаларында шекті бөлшек сауда бағаларын арттыру фактілері анықталған жоқ. Жоғарыда көрсетілген бұйрықта 6191 дәрілік заттың атауына бөлшек және көтерме сауда үшін шекті бағалар бекітілді. Дәрілік заттардың шекті бағалары жылына екі рет: 10 шілдеге дейін және 10 қаңтарға дейін бекітіледі. Шекті баға – бұл қандай да бір дәрілік затты жоғары сатуға болмайтын баға, яғни, қандай да бір дәрілік заттардың бағасына жарты жыл ішінде теңге бағамы да, сату маусымдылығы да әсер етпейді. Дәрілік заттардың шекті бағасын DariKZ мобильді қосымшасынан білуге болады.

24 маусымдағы жағдай бойынша, бөлшек желіде жиі қабылданатын

1-бет.

және халық тарапынан дәріханаларда жоқ екендігі туралы шағым жасалған келесі дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың облыстық дәріханалық ұйымдарда болуына жүргізілген мониторинг нәтижесі:

№	Атауы	Өлш.бірл.	Қалдық
1	Азитромицин, таблеткалар 500 мг	қаптама	208
2	Амизон, таблеткалар	қаптама	84
3	Анаферон балалар үшін, таблеткалар	қаптама	3 616
4	Анаферон, таблеткалар	қаптама	2 344
5	Антисептиктер	литр	10 924
6	Аскорбиновая кислота, драже	қаптама	7 256
7	Аскорбиновая кислота, инъекция үшін ерітінді	қаптама	15 532
8	Ацетилсалициловая кислота, таблетка 500 мг	қаптама	49 276
9	Ацетилсалициловая кислота, таблетка 75 мг	қаптама	844
10	Бисопролол, таблеткалар	қаптама	832
11	Бронхо-Мунал®, капсулы 7 мг	қаптама	692
12	Гроприносин, таблеткалар 500 мг	қаптама	88
13	Ибупрофен, таблеткалар 200 мг	қаптама	5 780
14	Ингавирин, капсулы 90 мг	қаптама	304
15	Лидокаина гидрохлорид, инъекция үшін ерітінді	қаптама	8 508
16	Медициналық маска 3 қабатты бір реттік	дана	148 662
17	Медициналық респиратор	дана	1 533
18	Метамизол натрия, таблеткалар 500 мг	қаптама	1 800
19	Метронидазол, инфузия үшін ерітінді	қаптама	2 548
20	Натрия хлорид, инъекция үшін ерітінді	қаптама	20 392
21	Оксалин жақпамайы	туба	13 860
22	Осельтамивир, капсулалар 75 мг (саудалық; Инфлювир, Флувир, Номидес, Тамифлю)	қаптама	4
23	Парацетамол, таблетка 500 мг	қаптама	23 344
24	Прокаина гидрохлорид, инъекция үшін ерітінді	қаптама	1 148
25	Сынаптық, электрондық, контактсыз термометрлер	дана	136
26	Умифеновир, таблеткалар 50 мг (саудалық; Арбидол, Арпефло)	қаптама	120
27	Цефазолин, флаконда 1,0 г-нан	флакон	67 504
28	Цефтриаксон, флаконда 1,0 г-нан	флакон	37 536
29	Ципрофлоксацин, таблеткалар 500 мг	қаптама	640
30	Эргоферон, таблеткалар	қаптама	1 280

Халық тарапынан жоғары сұранысқа байланысты аталған дәрілік заттар тез өткізілуде.

Қазақстан Республикасында дәрілік заттардың 7 463 атауы тіркелген, олардың 77% дәрігердің рецептісі арқылы босатылады. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне сәйкес, дәрігердің рецепті бойынша босатуға арналған дәрілік заттарды рецептсіз өткізуге тыйым салынады.

Департамент өздігінен емделумен айналыспауға, дәрігердің тағайындауынсыз дәрілік заттарды қабылдамауға шақырады. Антибиотиктерді тиімсіз пайдалану аурудың асқину қаупі мен жанана әсерлері, ағзаның қандай да бір препаратқа сезімталдығы, аллергиялық реакциялар, бронх демікпесінің ауыр түрлері және т.б. себептері болуы мүмкін. Сондай-ақ, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, барлық ұланулардың ішінде дәрілік заттардан улану екінші орында.

Қызылорда облысының дәріхана-ларында дәрілік заттар бекітілген шекті бағасынан асып кеткен жағдайда, сондай-ақ дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналымы саласындағы барлық мәселелер бойынша департа-

№	Атауы	Өлш.бірл.	Қалдық
1	Азитромицин, таблеткалар 500 мг	қаптама	208
2	Амизон, таблеткалар	қаптама	84
3	Анаферон балалар үшін, таблеткалар	қаптама	3 616
4	Анаферон, таблеткалар	қаптама	2 344
5	Антисептиктер	литр	10 924
6	Аскорбиновая кислота, драже	қаптама	7 256
7	Аскорбиновая кислота, инъекция үшін ерітінді	қаптама	15 532
8	Ацетилсалициловая кислота, таблетка 500 мг	қаптама	49 276
9	Ацетилсалициловая кислота, таблетка 75 мг	қаптама	844
10	Бисопролол, таблеткалар	қаптама	832
11	Бронхо-Мунал®, капсулы 7 мг	қаптама	692
12	Гроприносин, таблеткалар 500 мг	қаптама	88
13	Ибупрофен, таблеткалар 200 мг	қаптама	5 780
14	Ингавирин, капсулы 90 мг	қаптама	304
15	Лидокаина гидрохлорид, инъекция үшін ерітінді	қаптама	8 508
16	Медициналық маска 3 қабатты бір реттік	дана	148 662
17	Медициналық респиратор	дана	1 533
18	Метамизол натрия, таблеткалар 500 мг	қаптама	1 800
19	Метронидазол, инфузия үшін ерітінді	қаптама	2 548
20	Натрия хлорид, инъекция үшін ерітінді	қаптама	20 392
21	Оксалин жақпамайы	туба	13 860
22	Осельтамивир, капсулалар 75 мг (саудалық; Инфлювир, Флувир, Номидес, Тамифлю)	қаптама	4
23	Парацетамол, таблетка 500 мг	қаптама	23 344
24	Прокаина гидрохлорид, инъекция үшін ерітінді	қаптама	1 148
25	Сынаптық, электрондық, контактсыз термометрлер	дана	136
26	Умифеновир, таблеткалар 50 мг (саудалық; Арбидол, Арпефло)	қаптама	120
27	Цефазолин, флаконда 1,0 г-нан	флакон	67 504
28	Цефтриаксон, флаконда 1,0 г-нан	флакон	37 536
29	Ципрофлоксацин, таблеткалар 500 мг	қаптама	640
30	Эргоферон, таблеткалар	қаптама	1 280

ментке жүгінуге болады (мекенжайы: Бектұрғанов көшесі, 10А, телефоны 23-82-92). Дәрілік заттардың белгіленген шекті бағаларын арттырғаны үшін ҚР 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 426-бабының 1-бөлігімен әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Департамент халықты үрейленбеуге және дәріханаларда дәрілік заттарды жаппай сатып алмауға шақырады. Маскалық режимді, әлеуметтік қашықтықты сақтау, қолды жиі жуу, антисептиктерді қолдану және мүмкіндігінше байланыстарды шектеу керек.

Денсаулығына шағымдар болған жағдайда өз еркімен ем қабылдамау қажет және емдеуші дәрігерге жүгіну керек!

Ғалия БАЙМЕНОВА, облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің басшысы

КЛИНИКАЛЫҚ БЕЛГІСІ ЖОҚТАР ҚАУІПТІ МЕ?

Бұған дейін күн сайын коронавирус инфекциясын жұқтырған адамдар бойынша статистика жарияланып, онда ауру белгілері бар және клиникалық белгілері жоқ адамдар бірге есепке алынған келді. Маусым айынан бастап барлық ресми дерек көздерінде коронавирус инфекциясы бойынша симптомды және симптомсыз вирус тасымалдаушылар бойынша статистика жеке-жеке жариялануда. Бұлай бөлудің себебі – симптоматикалық емдеуді қажет ететін науқастардың саны бойынша жағдайды көрсету. Бұл COVID-19 ауруының клиникалық белгілері жоқ адамдар айналасындағыларға эпидемиологиялық қауіп төндірмейді деген сөз емес. Осы орайда елімізде коронавирус инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында COVID-19 ауруының клиникалық белгілері жоқ тасымалдаушыларды бақылау жалғаса бермек. Бүгінде Қазақстанда тәстілеу кезінде күн сайын анықталып жатқан жағдайлардың 60%-ке жуығы – бұл инфекцияның симптомсыз тасымалдаушылар екенін атап өткен жөн.

Қазіргі кезде облыста 840 азамат коронавирус инфекциясымен тіркеліп, олардың басым көпшілігінде аурудың симптомсыз екені анықталды. Медицина қызметінің сапасы жөніндегі бірлескен комиссияның кезекті оты-

рысында 9 редакциядағы коронавируc инфекциясын емдеудің хаттама-сы қабылданды. Жана редакциядағы хаттамаға сәйкес COVID-19 сим-п-томы жоқ наукас та инфекцияны жұқтырушы, оларда 14 күн ішінде

(инкубациялық кезең) клиникалық белгілер пайда болуы мүмкін. Сонымен бірге симптомны жоқ наукастар үйінде немесе карантин нысанында медициналық-санитарлық алғашқы көмектің келісімі (МСАК) бойынша ҚР Бас мемлекеттік санитария дәрігерінің қаулысына сәйкес эпидемияға қарсы режимді сақтай отырып, медициналық бақылауға алынуы тиіс. Ал COVID-19-дың жеңіл түрімен ауырған адам үйінде немесе карантин нысанында МСАК-тың келісімі бойынша эпидемияға қарсы режимді сақтай отырып, медициналық бақылауға алынуы тиіс. Бірақ оған дәрі-дәрмектік емдеу жүргізілмейді.

Амбулаторлық жағдайда бақылау күн сайын қоңырау шалып хабарлау, жалпы жағдайды бағалау, дене қызуы, шағымды анықтау (жөтел, тыныс алудың қиындауы, әлсіздік, терлеу, іш өту, дене бөртуі, миалгия және тағы басқалары), сатурация (мүмкіндік болса), видеоконсультация

(қажеттілік болса, 3 күнде 1 реттен көп емес) бойынша жүргізіледі. Сонымен бірге бақылау кезеңінде клиникалық симптомдар күшейіп кеткенде (дене қызуының көтерілуі, жөтел, тыныс алудың қиындауы, демікпе) пациент инфекциялық стационарға жіберіледі.

Жеңіл түрімен ауырғандарда жоғары дене қызуы болмаса және респираторлық симптомдарының күшеюі байқалмаса, сондай-ақ, мұрын қысуының жұғындысынан алынған ПТР тесті бірнеше рет теріс нәтиже көрсетсе, медициналық бақылаудан алынып тасталады.

Індеттен қорғанудың қарапайым әдістерін, атап айтқанда, қолды сабындап жууға, сонынан қурамында спирт бар антисептиктермен сүрту, жөтелгенде немесе түшкіргенде ауыз бен мұрынды орамалмен жауып тұру, тұмау және суық тию белгісі бар адамдармен байланысты шектеу, үй-жайларда температуралық режимнің онтайлы параметрлерінің сақталуын

бақылап, жұмыс, үй-жайларын тұрақты (әрбір 2 сағат) желдетіп тұруға кеңес береміз. Үйде, жұмыс орындарында есік тұтқаларын, ажыратқыштарды, үстелдер мен орындықтарды, кеңсе техникасы, көпшілік пайдаланатын орындарды (тамақ ішетін, дәмалатын бөлмелер, дәретхана бөлмелері, спортпен айналысуға арналған бөлмелер мен жабдықтар және т.б.) дезинфекциялауға баса назар аударатырып, үй-жайларды дезинфекциялау заттарын қолдану арқылы сапалы жинаулы, барлық үй-жайларда жиі өңдеу жүргізілуі тиіс.

Адам көп шоғырланатын орындарда 1,5 метр қашықтықты, бетперде кию ережелерін сақтауды ұмытпаған жөн.

Әлия БЫДЫРYSOVA, облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің бөлім басшысы

ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Облыстық ішкі саясат басқармасы және «Туған жер» қоғамдық қозғалысы» қауымдастығы ұйымдастырған «Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық байқауының жеңімпаздары анықталды.

Мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау, қазақтілді контентті арттыру мақсатында өткізілген байқауға ақпарат өкілдері «Үздік мақала», «Үздік телебағдарлама», «Үздік сайт мақаласы» аталымдары бойынша қатысты.

Байқауда мемлекеттік тілдің қызмет ету аясын кеңейту, мәртебесін нығайту мақсатында қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген мақалалар,

әфирден көрсетілген хабарлар, сайт жарияланымдары қамтылды.

«Үздік мақала» номинациясын Қазалы аудандық «Қазалы» газетінің бөлім меңгерушісі Риназ Әбдіқалық иеленсе, облыстық «QYZYLORDA» телеарнасының продюсері, тележүргізуші Альбина Байдүйсенова тікелей әфирдегі ақпараттық-танымдық «Жана күн» бағдарламасы бойынша «Үздік телебағдарлама» номинациясын ен-

шіледі. Ал, қазақ тілді сайт бойынша облыстық «Сыр бойы» газетінің тілшісі Айдана Жұмадинованың мақаласы үздік деп танылды.

Ынталандыру сыйлығына Қызылорда қалалық «Қоғам ТВ» телеарнасының журналисі, тележүргізуші Олжас Дәуіт, қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің тілшісі Айдана Сейіл, Шпелі аудандық «Өскен өңір» газетінің тілшісі Гүлхан Яхияева ие болды.

Байқау жеңімпаздары басқарманың дипломы және ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Айта кетерлігі, жеңімпаздар енді республикалық кезеңде бак сынайтын болады.

«СБ» ақпарат

Құрметті Қызылорда қаласы тұрғындары мен қонақтары!

Ағымдағы жылы «Жұмыспен қамту жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Қызылорда қаласындағы ЖК-28-ден №3 мектеп, №15 мектеп, Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру басқармасы және Қызылорда облысының соты ғимараттарына дейінгі кварталаралық құбырларды, ысырмаларды және жылу жүйелерінің қосалқы қондырғыларын ауыстыру» нысаны бойынша жерасты жылу құбырларын жаңғырту үшін құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде.

Осыған байланысты, 2020 жылдың 24 маусымынан бастап 24 шілдесіне дейін Асқар Бекзатхан көшесі (Токмағанбетов көшесінен Қызылорда облыстық соты ғимаратына дейінгі аралық) уақытша автокөлік жолы жабылатындығын хабарлаймыз.

Тапсырыс беруші: «Қызылорда-жылуэлектрорталығы» МКК;

Мердігер мекеме: «СК» ЕрҚанат Сервис» ЖШС;

Келтірілген уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауларыңызды сұраймыз!

1406: ХАБАРЛАСУШЫЛАР САНЫ 2 ЕСЕ АРТТЫ

1406 байланыс орталығына КВИ-ға тест тапсыру мәселесі бойынша хабарласушылар саны 2 есе артты: Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры өкілдерінің айтуынша, байланыс орталығына түсетін қоңыраулардың көпшілігі коронавирус бойынша ауруханаға орналастыру мәселелеріне қатысты.

Тұрғындар ПТР-тест тапсыру, коронавирус және сырқаттың симптомсыз ағымының белгілері туралы сұрайды. Медицина ұйымдарының жұмысын, ауруханаға жоспарлы жатқызу жағын түсіндіруді өтінді.

«Біздің аймақтық филиалдарымыз жергілікті денсаулық сақтау басқармаларымен тығыз байланыста, еліміздің әрбір тұрғынына барынша көмектесуге тырысады. ППР-талдау тапсыруға қатысты сұрақтар түсіп жатқандықтан, Бас санитарлық дәрігердің қаулысына сәйкес, 10 санат бойынша COVID-19-ға тестілеу ақысын қор төлейді», – дейді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Басқарма төрағасының орынбасары Марат Шоранов.

Нақты айтқанда, қор қаражаты есебінен коронавируcқа ақысыз ППР-талдаудан өтуге құқылы азаматтар: тегін кепілдендірілген медициналық көмек көлемінде инфекциялық стационарларға жатқызылған пациенттер, COVID-19 болуы мүмкін деген күдікпен провизорлық стационарларға жатқызылған пациенттер, COVID-19 болуы мүмкін, ЖРВИ және пневмония белгілері бар, стационарлық деңгейдегі пациенттер, үйде оқшаулауға жағдай болмағанда карантиндік изоляторға симптомсыз COVID-19-бен жатқызылған азаматтар (ППР-тексеру бұл санаттағылар

● «ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫ»

Шиелі мен Жаңақорған аудандарында «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында көптеген әлеуметтік ғимараттар жөндеуден өткізілуде. Олардың қатарында балабақша, мектеп, колледж ғимараттары бар. Ал Жаңақорғанда стадион қайта жасанып, елдің игілігіне айналатын күн жақын. Қазір қос ауданда да жұмыс қызу қарқын алған. Ең бастысы, игілікті іске жергілікті тұрғындар көптеп тартылған.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»



ТАЛПЫНҒАНҒА ТАБЫС БАР

ҚАЙТА ЖАСАНҒАН
«АҚҚАЙЫҢ»

Биыл Шиелі ауданында аталған бағдарлама бойынша барлығы 21 жоба белгіленген. Бұл ретте 750-ден астам жаңа жұмыс орны құрылып, жұмыспен қамту орталығы арқылы 378 адам еңбекпен қамтылады деп жоспарланып отыр.

Бағдарлама аясында қайта жаңғыртылып жатқан нысанның бірі – «Аққайың» балабақшасы. Ғимарат іргесінің қаланғанына биыл 42 жылға жуықтады. Содан бері екінші мәрте күрделі жөндеу жасалып отыр. Бұл жолы ғимаратта көптеген өзгерістер жүзеге асады. Оған 93 мың теңгеден астам қаржы қаралған. Бас мердігер – «Сапақ» өндірістік кооперативі.

Бөлінген қаржыға сәйкес тиісті жұмыстарды мамыр айында бастап кеттік. Әрбір күнді тиімді пайдалануға көңіл бөліп отырмыз. Күрделі жөндеу барысында едені жаңадан ауыстырылып, ауыз су және көріз су жүйелері жаңартылды. Ғимараттың сыртқы келбетіне де өзгерістер енгізіліп, оны металл-сайдингпен қаптауға назар аударып отырмыз. Балабақшаның ойын алаңы да ретке келтіріледі, – деді кооперативтің учаске бастығы Өркен Садық.

Мұнда аудандық жұмыспен қамту орталығы арқылы 14 адам жұмысқа тартылған. Бұл азаматтар 85 мың теңге жалақы алады. Солардың бірі – Нұрсұлтан Баймағанбетовтің айтуынша, өзі жалақы алып, тұрмысын жақсартта түссе, құрылысқа араласу арқылы тәжірибесін де арттыра түскен. Кооператив мамандары күрделі жөндеу алдағы тамыз айына дейін толықтай аяқталуы тиіс, – деп отыр. Оған мүмкіндік бар.

БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ КӨКЖИЕГІ

«Сапақ» өндірістік кооперативі аудан орталығындағы №48 О.Қоңыратбаев атындағы орта мектеп ғимаратын күрделі жөндеу жұмыстарын да қолға алды. Бұл мақсатта 148 мың теңгеден астам қаржы қаралған. Мектепте электр жүйесі толығымен ауыстырылып, едені мен шағыры жаңартылды. Тапсырыс беруші – аудандық білім бөлімі.

Күрделі жөндеу жұмыстары барысында барлығы 42 адам еңбекпен қамтылады. Олардың 21-і аудандық жұмыспен қамту орталығы арқылы келді.

Ғимаратқа енген сәтте қарқынды жұмыс барысын байқадық. Әрбір еңбек адамы өзіне міндеттелген тапсырманы мұлтіксіз атқарып шығуға көңіл бөлген. Мамыр айында басталған жоба тамыз айында толықтай игеріледі.

Сондай-ақ, алдағы уақытта мектеп жанынан 300 балаға арналған қосымша ғимарат салу да жоспарланған. Өйткені, осы аумақта тұратын тұрғындар саны артып, білім ошағына келетін оқушы көбейген. Мектеп 464 балаға лайықталған. Қазір мұнда 800-ден астам бала білім алуға мәжбүр.

– Шиелі кентінде халық саны өсіп келеді. Осы аумақтың өзінде қаншама тұрғын үй бой көтерді. Сондықтан мектепте аздаған проблема туындады. Нәтижесінде мектеп жанынан қосымша ғимарат салу



ісін қолға аламыз. Аудандық білім бөлімі тарапынан бұған байланысты жобалық-сметалық сараптама жасалып, мемлекеттік сараптамадан өткізілді. Қазір ол облыстық құрылыс басқармасының назарына ұсынылды, – деді аудандық білім бөлімінің сектор меңгерушісі Марат Ақпанбетов.

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ КОЛЛЕДЖ

Жанақорғанда аграрлық-техникалық колледжі ғимаратына күрделі жөндеу жүріп жатыр.

Оқу орны қаншама жылдан бері ауыл шаруашылығы саласына қажетті мамандар даярлап келеді. Колледж орналасқан ғимараттың пайдалануға берілгеніне 2021 жылы алпыс жыл толады. Осы уақыт аралығында оған ешқандай күрделі жөндеу жасалмаған екен. Ендігі кезекте колледж жаңа оқу жылына дейін өзгеше кейіпке еніп, білім алушы жастарды қабылдайды. Жоба құны – 500 млн теңге. Бас мердігер – «Нұр-Талап және К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Құрылыс басында колледж директоры Жомарт Шауеновті жолықтырдық. Ол бізді оқу орнының тыныс-тіршілігімен қысқаша таныстырып өтті.

– Бүгінде колледжде 500-ден астам студент білім алады. 189 адам қызмет атқарады. Олардың 84-і – педагог мамандар, 14 мамандықта 32 біліктілік бойынша білім береміз. Ғимараттың пайдалануға берілгеніне 60 жылға жуықтап қалды. Сондықтан кейбір талаптар бойынша мүмкіндігіміз шектеулі еді. Енді жаңғыртылған білім ордасында жастар сапалы білім алуға қол жеткізеді, – деді ол.

Ал мердігер серіктестік шебері Қайрат Бектұрғановтың айтуынша, құрылысқа барлығы 126 адам тартылуы керек. Оның жарымына

жуығы жергілікті жұмыспен қамту орталығы арқылы келеді. Бүгінде олардың 20-сы келіп үлгерген.

ЖАҢАҚОРҒАНДА СТАДИОН ЖАҢҒЫРАДЫ

Аудан орталығындағы стадион осы кезге дейін талай сын тезіне түсті. Енді сол оқилықтың орнын толтырудың мүмкіндігі келді.

– Жанақорғанда футболды кәсіби деңгейде дамытуға әбден болады. Талантты жастар аз емес. Ауданнан құралған команда облыстық біріншіліктерінде жеңімпаздар қатарынан көрініп жүр. Сондықтан жергілікті тұрғындардың өтінішіне құлақ асып, стадионды қайта жаңғырту ісін өте дұрыс шешім деп санаймын. Ауылдық жерлерде де талай талантты жастар бар. Осындай өркендердің сергектікті серік етуіне жағдай жасауымыз тиіс. Білуімізше, мұнда көптеген жұмыстар жоспарланып отыр. Аланның өзі соңғы талаптарға сәйкес жөнделеді екен, – деді кент тұрғыны Асан Сарқұлов.

Аталған жобаға тапсырыс беруші – аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі. Бас мердігер – «Сапақ» өндірістік кооперативі.

– Қайта жаңғыртуға барлығы 260 млн теңгеге жуық қаржы қаралған. Біз жұмысты мамыр айында қолға алдық. Өрине, атқарылатын іс аз емес. Стадионда мың адамға арналған жанкүйерлер орны салынады. Сондай-ақ, футболшылардың ойын барысында демалатын бөлмелері ойластырылған. Мұнда жеңіл атлетикамен айналысатын жастарға арналған жүгіру жолы да жасалады, – деді өндірістік кооператив директорының орынбасары Сәбит Қарамырзаев.

Шиелі, Жаңақорған аудандары

ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

АҚШ ықпалынан шығатын күн жақын ба?

АҚШ-та дүрбелең. Дүкендер, қоғамдық тамақтандыру орындары талқандалып, тоналып жатыр. Полиция дәрменсіз, ұлттық гвардия жағдайдың ұшығын кетпеуін сырттай бақылаудан әріге бармай, әліттің артын бағып отырған сынай байқалады.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»

Дүние жүзіне үстемдік танытып, күллі араб әлемін талқандап, бас көтертпей тастаған АҚШ әкімшілігі соңғы жылдары Қытайға сауда соғысын, Ресейге экономикалық санкциялар жариялап, әлемге өмірін жүргізгенінен жұртшылық хабардар ғой деп ойлаймын.

АҚШ енді өзінің ішкі проблема-сымен алыса бастады. Батыстың ең құндылығы деп саналып келген либералды демократия, адам құқығы деген қағидаларға сызат түсті. Елдегі африкалық американдықтар барлығын қиратып, енді ақ нәсілділерге өктемдігін жүргізуде. Барлығы аң-тан. Бұл не? Американдық либерализмнің құлдырауы ма? Әлде 500 жылдық тарихы бар батыс өркениетінің жойылып кетуінің алғышарты ма? Әзірге бұл сауалдардың жауабы жоқ, бірақ санасында жүйелі ойлау қабілеті жоғала қоймағандар осының барлығы американдық либерализмге негізделген өмір сүру дағдысының сарқыла бастағанын, таяу болашақта әлемде АҚШ үстемдігінің жойылып, ғаламдық саяси-экономикалық құрылымның түбегейлі өзгеретінін айтады. Тіпті кейбір сарапшылар «американы коммунизм елесі кезіп жүр» дегенді де айтады.

Бірақ тағы бір шындық бар. Осының барлығы айтуға оң-оңай болғанымен, жүзеге аса қоюы оңай шаруа емес. Кеңес Одағы қираған кезде оның алдындағы стихиялы түрде орын алған жағдай бүгінге біршама ұқсас еді. Кейін оны сыртқы және ішкі күштер бақылауда ұстап, саналы түрде басқарды. Сарапшылардың пікірінше, әзірге американдықтардың көпшепдері бас көтерулеріне саналы түрде басшылық жасап жатқандардың қарасы көрінебейді. Бірақ қара нәсілділер ашулы, бұл, – сайып келгенде, әлеуметтік теңсіздіктің салдары, жылдар бойы қордаланып, шешімін таппаған проблемалар жиынтығы.

Бір мемлекет ішіндегі халық тұрмысындағы алақалылық, елдің бір тобының барынша кедейленуі, трансулттық корпорациялардың, оның басы-қасында жүрген олигархтардың әлем экономикасына барынша үстемдік жүргізуі ақыр соңында теңдесі жоқ әділетсіздіктерге әкеп соқтырды.

Өкінішке орай, бұл – жылдар бойы қара нәсілділердің қаналуынан ғана туындаған мәселе емес, жалпы әлем жұртшылығының жазылмайтын дертіне айналған құбылыс. Кейбір деректер бойынша, қазір дүниежүзіндегі ересек халықтың 73 процентінің үлесінде (шамамен 3,5 млрд халық) әлемдік байлықтың бар болғаны 2,4 проценті шоғырланған. Ал оның есесіне әлем халқының 0,7 процент үлесіне (33 млн адам) бүкіл адамзат байлығының 45,6 проценті тиелі. Бұл – ғаламдық зерттеу институтының пікірі. Өмірден алынған риясыз шындық.

Халықтар арасындағы табыс айырмашылығының орасан зор көлемі «ақылы бар» елдердегі зиялы қауымды өмір сүретін халықтың денсаулығын күтетін жағдайы бола ма? Қазір Ресейде тіпті, Батыстың өзінде ғалымдар мен мамандар тарапынан осындай сауалдар жиі қойыла бастады. Тіпті олар халықтың тұрмыс деңгейіндегі үлкен айырмашылық қоғам үшін қауіпті дегенді айтады.

Әлбетте, инфляция, яғни қымбатшылық ең алдымен тұрмысы төмен отбасыларына мықтап соққы болып тиеті. Осы орайда шетелдік сарапшылардың зерттеу деректерін келтіруді жөн көрдік. Ресейдегі барынша бай деген халық жігітінің 1 процентіне елдің бүкіл байлығының 74,5 проценті тиесілі екен. Демек, елдегі халықтың қалған 99 проценті байлықтың бар болғаны 25,5 процентін иемденіп отыр. Бұл құбылыс негізінен Батыс Еуропа, Орталық-Шығыс елдеріне және АҚШ-қа тән.

Қазір бұл үдерістің барынша жылдам өріс алуы әлемнің көптеген елдерінде байқалауда. Жағдай алаңдататындай деңгейде ұшыға бастады. АҚШ президенті Д.Трампынң коронавирус кезінде әрбір американдыққа 1200 доллардан көмек көрсетуі мәселені шешуге ықпал ете алмады. Сол ақша жалға алынған пәтерлерінің құнын, банк несиесіне қарызын өтеуден әріге жетпеді. Себебі, американдықтардың тең жарымының басынасы жоқ, халықтың көпшілігі медициналық сақтандырумен қамтылмаған. Жұмыссыздық белен алууда.



АҚШ өз дегенімен жүре қоймайтындарға тізесін батырады. Оған араб елдерінде орын алған толқулар, Украинадағы жағдай, Мұаммар Каддафидің, Саддам Хусейннің өлімдері куә бола алады. Соңғылары АҚШ долларынан бас тартқысы келді. Егер 1990 жылға әлемде долларға кеңес рубль бәсекелес ретінде қарсы тұрса, кеңес жүйесі құлағаннан кейін доллар билігі бірінғай үстемдік құрды. Бүкілдүниежүзілік Банк, халықаралық валюта қоры, әсіресе, посткеңестік елдерде АҚШ-тың ықпалымен үстемдігін жүргізді. Қайыршылыққа ұшырауға сәл қалған мемлекеттерге өз шартымен жекешелендіру талаптарын қойды. Өз шарттарымен несие берді.

Осының барлығы ұзақ әңгіменің тақырыбы болғандықтан біз айтпағымызды кеңестік рубль мен американдық доллардың бәсекелестік тарихынан бастап, бүгінгі қалыптасқан жағдайдың әрі қарай қандай сипатта өрбуі мүмкін деген сауалға сарапшылар пікіріне сүйеніп, ой айтқымыз келеді.

1920 жылдардың соңында Кеңес Одағында индустрияландыру кезеңі басталды. Бұл орайда Сталин: «Біз әлемнің индустриалды мемлекеттерінен 50-100 жылға артта қалдық. Артта қалушылықты 10 жыл ішінде еңсермесек, біздің тағдырымыз капиталистердің қолында болады» деді. Елде жаппай индустрияландыру науқаны қауырт жүргізілді.

Бірақ индустрияландырудың миллиондаған халықтың трагедиялық тағдырымен ұштастыра жүргізілген тарих жақсы біледі. Деректерге жүгірсек, 1927-1940 жылдары Кеңес Одағында 9 мың жаңа кәсіпорын салынды. Өнеркәсіп өнімінің көлемі осы жылдары 8 мың есе өсті. Алғашқы бесжылдықтың үш жылында 364 жаңа қала салынды. Статистикалық дерек бойынша Кеңес Одағында сол жылдары әрбір 29 сағатта 1 зауыт іске қосылып отырған екен. Кеңес Одағының экономикасы қуаты жағынан әлемде АҚШ-тан кейін 2-ші орынға шықты. Бірақ, есесіне бір Қазақстанның өзінен зорлап ұжымдастыру, тәркілеу есебінен 5 млн адам елінен босып кетті.

Керісінше, капиталистік әлемдегі жүйе әрдайым сүрінумен келеді. Осы жылдары АҚШ-та экономикалық дағдарыс салдарынан 2 млн адам аштан өлді. АҚШ президенті Рузвельт байлардың алтын күміс құймаларын зорлықпен тартып алды. Бермегендерге 10 мың доллар айыппұл салынды немесе түрмеге қамалды. Бұны американдықтар «ғасырдың алтын тонауы» деп атады. АҚШ өз аумағында соғыс қимылдары жүрмегендіктен, екі дүниежүзілік соғыстан кейін әбден байыды. Байығаны соншалық, 1945 жылы онда әлемнің алтын қорының 70 проценті шоғырланды.

Бұл орайда АҚШ-тың соғыс кезінде ленд-лиз бойынша алтын құнына бағаланып алырбаспен Кеңес Одағына қару-жарақ, азық-түлік, әртүрлі шикізат жеткізілгенін атап өткізгі келеді.

Тағдыр кейде бак-дәулетін төгіп бере салатыны бар. Депрессия кезінде жұмыс көзін таба алмаған американдық инженерлер Кеңес Одағында жүздеген зауыттарды салу жұмысына қатысты. Осылайша, индустрияландыру жылдары кезінде Кеңес Одағында 90 жаңа кен орындары ашылды. Бұл жағынан АҚШ, Англия, Германияның, Кеңес Одағында болып жатқан өзгерістерді іштарлықпен бақылап отырудан басқа амалы қалмады. Істің насырға шапқанын байқаған гитлерлік Германия ғана соғысқа барынша әзірленді. Соғыс қарсаңында Кеңес Одағының алтын қоры 2800 тоннаға жетті.

1944 жылдың шілде айында Бреттон-Вуд қаласында АҚШ пен Кеңес Одағының және әлемнің өзге де 44 мемлекетінің қатысуымен конференция өткізіліп, онда екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін әлемдік қаржы-валюта қатынастарының қандай болу керектігі талқыланды. Американдықтар өздерінде әлемнің алтын қорының 70 проценті шоғырланғанын, өздерінің дүниежүзінде өндірілген өнімнің 50 процентін тұтынып отырғанын айтып долларды әлемдік валюта деп жариялады. 3,5 доллар 1 унция алтыңға бағаланды. Халықаралық валюта қоры құрылды. Бірақ Сталин конференцияда қабылданған шешімдерді құптамады. Ол: «Егер капиталистік қаржы жүйесі социалистік экономикаға үстемдік жасайтын болса, онда әлемдік қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мүмкін емес», деді. Қытай басшысы Чан Кай – Ши да бұл шешімге қарсы болды. КСРО Жоғары кеңесі Бреттон-Вуд шешімін мақұлдамады. Таңқаларлық, Сталиннің сол кезде айтқан сөзі бүгінге дейін мазмұнын жоғалтпай келеді.

Кеңес Одағында 1947 жылы ақша реформасы жүргізілді. Бұл соғыс кезінде оккупацияланған аумақта жалған неміс маркасының жүруі салдарынан тауарлық қатынаста үйлесімсіздік пайда болуымен байланысты еді. 1961 жылы ақша реформасы қайта жүргізілді. Рубльдің құнды болғаны соншалық, ол 1 долларға шаққанда 64 тиынды құрады. Шын мәнінде мұндай қатынас сол-пәл өзгеріске ұшырағанымен негізінен Кеңес Одағы құлағанға дейін сақталды.

1971 жылы американдықтардың қаржы жүйесіндегі саясаты мүлдем өзгерді. Президент Никсон тіпті долларды алтыңға бағалаудың қажеті жоқ деп санады. 1991 жылға дейін Кеңес Одағында 2 мың тонна алтын қоры болса, кейін 1-2 жыл ішінде оның көлемі 200 тоннаға азайды. Рубль жүздеген есе құнсызданды. Кеңес Одағы тарағында миллиондаған адам қайыршылыққа ұшырады, соншалықты адам ондаған жылдар жинаған жинақтарынан бір сәтте айырылды. Кейінгі жағдай белгілі.

Қазір әлем жұршылығы корона-вирустан кейінгі жағдайды көз алдарына елестетуде. Ол қандай болады? Кез келген дағдарыстан әдетте ат төбеліндей қаржы магнаттары ғана ұтады. Олар байыған үстіне байып шыға келеді. Керісінше, кедейлер көбейеді. Оған бұрынғы дағдарыстар дәлел бола алады. Айталық, корона-вирус дерті шарпыған АҚШ-та оның зардабын жеңілдету үшін 6 трлн долларды басып шығарды. Сарапшылардың есептеуінше, оның 4 трл-ы – ештеңемен қамтамасыз етілмеген әншейін қағаз ақша. Ақша тасқыны әлем экономикасына мықтап салқынын тигізуде.

Доллардан қалай құтыламыз деген сыпсын әңгіме қазір жетекші елдердің басшылары арасында жиі айтыла бастады. Өйткені, дауыстарын көтеруге АҚШ-тан сескенеді. Ол үдеріс қашан басталады?

Бұл сауалдың жауабы әсте оңай емес. Бірақ Қытайдың қазіргі екпіні күшті. Долларға балама ретінде шифрлы криптовалютаға енгізе бастады. АҚШ үшін бұл – әлбетте, қауіпті. Сонымен жылдар бойы АҚШ ықпалымен жүріп келген халықаралық қаржы институттары жуық арада үйреншікті саясатынан арыла ма? Оларда құрылымдық өзгерістер бола ма? Бүгінгі әлем – құбылмалы, болжам жасау қиындау. Бірақ, Черчилльдің айтқанындай, «стун-нелдің арғы жағында жарықтың болмашы сәулесі жылтырайтын сынайлы»...





● СҰХБАТ

Сүндет КАРИМОВ:

«Ғылымнан кенже қалсақ, өркениеттен де алыстаймыз»

Бұл – он бес жасында орта мектепті тәмамдап, жоғары оқу орнына түсіп, инженер мамандығын алып шыққан, 23 жасында техника ғылымдарының кандидаты атанған бүгінде техника ғылымдарының докторы Сүндет Каримовтің пікірі.

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «жаңа ахуал білім және ғылым жүйесін түбегейлі реформалауды талап етіп отыр. Енді бұл саланың маңызы арта түсетіні анық, Тіпті экономиканың өзі соған тәуелді болмақ. Біз білім мен ғылым саласының болашақтағы рөлін айқын түсінуіміз керек. Бүкіл мемлекеттік саясатты соған сәйкес жүзеге асырамыз» деген еді. Жақында ғана Қызылордада қонақ болып келген еліміздегі ең жас ғалыммен өңгімеміз осы тақырыптар төңірегінде өрбиді.

– Өркениет көшіне ілесу үшін ғылымға көңіл бөлмей, прогреске жете алмаймыз. Мемлекет басшысы Қазақстанның білім саласына бөлетін қаржысы жеткіліксіз екенін, соның салдарынан білім беру сапасы мен кәсіптік инфрақұрылымы дамыған елдермен салыстырғанда әлдеқайда кенжелеп қалғанын айтты. Сіздің ойыңызша бұл саланың ендігі қайдамы қандай болуы керек?

– Елімізде Білім және ғылым туралы заң өткен жылы қайта қабылданды. Онда орта мектептер мен жоғары оқу орындарындағы мұғалімдер дәрежесі, қызметтік еңбек өтілі туралы көбірек баяндалған. Жалпы білім және ғылым туралы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауларында, мемлекеттік жоспарлы бағдарламаларда үнемі айтылады. Бірақ белгісіз бір себептермен іс кейінге қалып қояды. Дамыған елдерде ғылымға бөлінетін қаржы жалпы ішкі өнімнің 3-4 процентін құрайды. Біздің елде жалпы ішкі өнімге шаққандағы көрсеткіш – 0,01-0,02 %. Салалық министрлік жыл сайын гранттық қаржыландыруға 4 млрд теңгеден астам қаржы бөледі. Әлемдік рейтингте қай мемлекет ғылымға көбірек ақша бөліп жатыр сол мемлекеттің дамуы, әлеуметтік-экономикалық жағдайы жоғары көрсеткіштерге ие.

Мұғалімдер мәртебесі туралы заңды қолдаймын. Өйткені орта білім саласында тәуелсіздік алған жылдары мұғалімдер арасынан тұлғалар шықпалды, қалыптаспады деп айтуға болады. Ал заң соған жол ашатын сияқты. Занда мұғалімдердің қызметі, балаларды оқытуы, еңбек жағдайы қарастырылған. Дегенмен, әлі де жетілдіру керек.

– Жыл сайын ондаған докторлар, магистрлер диплом алып жатыр. Бірақ Президент айтқандай, әлемді тарының қауызына сыйғызған пандемияның әлетіне қарсы тұра алмауымыз ғылымның деңгейіне көрсеткіш бола ма?

– Осы саладағы тағы бір мәселе ғалымдар дайындаула жатыр. Көбісі оны магистратура және PhD-мен шатастырады. Бұл екеуі – академиялық дәреже. Онымен бұрынғы ғылыми дәрежені салыстыруға келмейді. Бірақ жалпылама ғалымдар деп айтып жүр. Мәселен, экономика ғылымдарының магистрі мен экономик ғылымдарының кандидаты тең емес. Мүмкіндік болса осы айырмашылықтың аражігін ажыратуға да заң керек. Магистратура бітірген түлектің дипломына ғылым деген сөзді қосқанға қарсымын. Академиялық дәрежеге ғылыми дәрежені араластырмауымыз керек.

Ғылым туралы заң халық пікірін ескере отырып қабылдануы мүмкін. Он жылдың аралығын сараптасақ, көп елдермен салыстырғанда артта қалып келеміз. Мемлекеттің алға дамуын жылжытатын – ғалымдар. Біз академиялық дәрежесі бар мамандар дайындаумен шектеліп отырмыз. Бакалавр – маман емес, магистр мен PhD – ғалым емес. Он жылдан бері дайындалып келе жатқан бакалавр мен кеңестік жүйеде әзірленген мамандарды салыстырып қарасаңыз, біріншісінің кемшін тұстарын анық байқайсыз.

Он жыл тарих өлшеммен алғанда көп болмауы мүмкін. Бірақ осы уақытта ғылымның дамуы мүлде басқа бағытқа бұрылып кеткенін аңғарылады. Мәселен, өзім технар болғандықтан, машина жасау саласын алып қарайықшы. Кенес заманында бізде «Жигули», «Москвич» деген көлік болды. 2000 жылдардың басында «Ладаға» ауыстық. Кейін шетелдік көліктер келді. Демек, арада өткен уақыт ғалым мен білімнің бір орында тұрмайтынын дәлелдеді. Қарапайым ғана күнделікті қолданыстағы компьютердің өзін алайық. Алғашқы компьютерлердің мизы (процессоры) Celeron болса, қазір CORE i20 ауысты. Арада зерттеулер нәтижесінде пайда болған коптердің кей-



бір бөлшектері қолданыстан алынды. Жаңалары заман талабына сай өз орнын тапты. Міне аздаған уақытта қаншама өзгеріске ұшырады. IT технологияның даму қарқыны ғылымдағы өзгерістердің күн сайын жаңарып отырығанын айғақтайды.

– Ғылымда сабақтастық бар ма?

– Ғылым кемшіліксіз деп айтуға да болмайды. Ғалымдар кітап, монография жазды. Бұл дегеніміз – көп жылдық зерттеулер. Бірақ олардың таралымы өте төмен. Монографиялар болашақ зерттеушілер қолына жетпегендіктен, көпшілік ақпараттық технологияларды пайдаланып, сілтеме жасайды. Отандық ғалымдарды қазіргі бакалавр, PhD жүйесіндегілер танымайды. Сосын шетелге еліктеу басым. Бізде олардан деңгейі жоғарылар жетерлік. Соны бағалау керек. Қазір ғалымдар арасында байланыс пен пікір алмасулар тоқтаған. Сондықтан біріккен монографиялар жазылмайды, жаналықтар ашылмай тұрған жайы бар. Көбінесе гранттық қаржыландыруға сүйеніп, жұмыс істелуде. Грант орта есеппен алғанда, 100-ге жуық ғалымға бұйырар. Оны жеңіп алуға да бармақ басты, көз қысты мәселелер бар.

Бізде техникалық білім беруге атүсті қарау белең алды. Мемлекеттік қызметке алынғанда техникалық білімді талап етушілер кемде-кем. Классификаторды байқап қарасаңыз, гуманитарлық, қоғамдық сала жазылған. Мәселен, табиғатты қорғау басқармасын алайық. Бұл сала техникалық мамандарды қажет етеді. Онда істейтіндер қауіпсіздік-техникалық саласының маманы болуы керек емес пе? Сонда экономист, юристтер осында жұмыс жасап техникалық білімі бар маман сыртта қала беруі керек пе?

– Академик Асқар Жұмаділдаев екі сөзінің бірінде «қазіргі дамыған заманда қазаққа технократ керек» дейді. Тағы бір сұхбатында «қазақтың тілі бай дегенді көп айтатын. Ол бай, бірақ керек емес сөздерге бай. Мысалы, бір ағамыз «Жылқының 3400 атауы бар» деп диссертация қорғады. Ағылшында бір ғана атауы бар – Horse. Сонымен жылқының жасын да, түрін де, түсін де атай береді. Сол сөздерімен-ақ әлемде алға шығып кетті. Ал жылқының 3400 атауымен біз әлі жүрміз. Біз енді ғылым жағына көбірек көңіл бөлуіміз керек. Жоқ сөзді, жоқ ғылымды, жоқ технологияны өзіміз табуымыз керек. Қазақ тілін ғылымға араластыруымыз керек» дейді. Сіз не дейсіз?

– Асқар ағамыздың «Қазақ ғылымын техникаландыру керек» дейтінде сыр бар. Біздің елде инженерлер 2008 жылдан бері дайындалмайтын болды, яғни инженер квалификациясы берілмейді. Бұл – Болон конвенциясының бізге салған зардабы. Орта білім беретін колледждерді бітіргендерге дипломына маман деп жазып береді де, жоғары оқу орнын бітірген түлекке бакалавр деп жазады. Бір саланың маманы, инженері, технология деп толық жазып берсе, жұмысқа тұрғанда рөл ойнар еді. Осы жерде карама-қайшылықтар бар.

Академик Жұмаділдаев қазақ тілін ғылыми қолданысқа енгізу туралы да жиі айтып жүр. Біз неге латын әріптерін қолданамыз? Неге Ахметтер жасап кеткен әліпбиді пайдаланбаймыз? Техникалық ғылым саласындағы терминдердің көпшілігі шетелден келген. Қазақтың тілі бай дейміз, алайда терминдерді қазақша аудармаймыз. Бірақ аударма саласында да кемшіліктер жетіп артылады. Жаратылыстану, техникалық салада ең алғашқы қазақша техникалық түсіндірме сөздігі 1967 жылы академик Өмірбек Жолдасбековтің башылығымен шықты. Ол кісінің докторлық жұмысы осы техникалық түсіндірме жұмыстарына арналған. Бұл сөздіктен байқайтынымыз сол замандағы ұлты қазақ зиялы қауымының ғылымда басы біріккенін көрсетіп тұр. Тілші ғалымдар Нығымет Сауранбаев, Рабига Сыздықова, Қалдыбай Бектаев түсіндірме саласында көп еңбек етті. Қазір мемлекеттік қызметте, жоғары оқу орнында пайдаланатын осы кісілердің еңбектері. Олардың артықшылығы – ұжымдық жұмыс істеді. Авторларын алып қарасаныз сол кездерде бірі елдің орталығында, бірі отүстігінде, бірі батысында, бірі тағы басқа қалаларда тұратын. Тіімділігі өр жердің диалектісін ескере отырып ең ыңғайлы нұсқаны сөздікке кіргізді.

– Технарлар жеткіліксіз дейміз, бірақ техникалық университеттерді бітірген түлектер қайда?

– Олар мамандыққа түседі де, көпшілігі мемлекеттік грантпен бакалавр бітіреді. Оқуы аяқталғасын жан-жаққа кетеді. Неге кетеді, жұмыс қайда? Мұның жауабын ешкім білмейді. Интернетте де бакалавр түсінігі туралы мардымыз жауап жоқ. Оқу мен білімдегі кеңестік жүйенің артықшылығын жас буын мойындамайды, аға буын аңсайды. Бұл жүйені Ұлыбритания өздеріне енгізді. Сол кезеңде қалыптасқан методология, ғылыми жүйе жоғары деңгейде және алдыңғы қатарлы мемлекеттер кеңестік білім беру функциясына аздаған өзгерістер енгізіп, пайдаланып келеді.

1992 жылға дейін бізде орта және жоғары білім министрлігі бөлек, ағарту министрлігі бөлек, ғылым министрлігі бөлек болды. Қазір бәрі бірге. 2003 жылы Ұлттық Ғылым академиясы жабылды. Ғылымға деген қызығушылық азайды, бөлінетін қаржы, потенциал төмендеді. Мемлекет көңіл бөлмегендіктен, еліміздің Білім және ғылым жүйесінде кемшіліктер күн өткен сайын көбейіп келеді.

Жақында еліміздегі академиялық білім профиліне түсіп диссертация қорғайтын мамандарға арналған, бұрыннан қалыптасқан ғылыми мақалаларды жариялайтын басылымдарды керексіз деп тапты. Оның орнына шетелдік басылымдарды қойды. 50-70 жыл тарихы бар ғылыми журналдар, басылымдардың тамырына балта шабылды. Ғылымда толық қалыптаспаған ғалымға, әлемдік деңгейде мақала жаз, жаналық аш деген – кате. Ғалым ғылыми мектептен өтуі керек. Дайындалу үшін көп уақыт кетеді. Адам іздену арқылы ғылым болады. Осы деңгейге жетпеген, қалыптаспаған адам қалай Scopusқа материал жариялайды? Мақалан шықпаса, қолына диплом тимейді. Кешіккенін үшін ақша төлейтінің тағы бар.

– Өзіңіз, ғылымдағы жолыңыз, ашқан жаналықтарыңыз туралы бір-екі сөз...

– Мамандығым – жеңіл және тоқыма өнеркәсібі саласының инженерімін. Экономикалық білімді де бар. Өз саламадағы жауапкершілікті сезінгеннен болу керек, біртіндеп ғылымға ойыстым. Кандидаттыңымды шітті мақта талшығын алғашқы өңдеу әдістерін зерттеу және арналған бойынша қорғап шықтым. Докторлық жұмысым толықтай шетелде орындалды. Механика, машина жасау және математика саласындағы әлемдік деңгейдегі ғалымдардың басым көпшілігі жеңіл және тоқыма өнеркәсібі саласындағы машиналар мен механизмдердің теориясын, қолдану аясын зерттеп, ғылыми еңбектер қорғағаны да ғылым саласына ыңындап келуіме ықпал етті. Қазір көптеген патенттерім бар. Патент жазу – инженерлік жұмыс. Мемлекеттен қаржы бөлініп қолдау жасалса, біздің елде де патенттік зерттеу жұмыстары әлемдік деңгейде алдыңғы орынға шығар еді. Ендігі жұмысымызды жасыл технология тақырыбына арнамақпын.

– Өңгімеңізге рахмет.

Өңгімелескен
Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

Қауіпсіздік – сапаның басты өлшемі



«БЖЗҚ» АҚ ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелерінің аудитін жыл сайын табысты өткізіп келеді – бұл ақпараттың құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша ұсынылатын қызметтердің жоғары сапасының дәлелі. Сондай-ақ Қордың Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» Заңында белгіленген ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы аттестаты бар, ол Қордың Қазақстан Республикасының қауіпсіздік стандарттарына сәйкестік бойынша мемлекеттік аттестаттаудан өткенін дәлелдейді.

Біз «БЖЗҚ» АҚ-ға ақпараттық қауіпсіздік деген не және ол қалай жұмыс істейді деген сауалымызға қарапайым және түсінікті тілде жауап беру туралы етінішпен жүгіндік.

Біздің сауалымызға «БЖЗҚ» АҚ Қызылорда облыстық филиалының директоры Арнұр Құрманғали жауап береді.

– Арнұр Дәденұлы, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Қор қандай қауіпсіздік шараларын қабылдауда?

– Киберқорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қор жаңа және ең сенімді болып танылған құралдарды пайдаланады. Біз үнемі даму үстіндеміз, себебі салымшылардың жеке деректерінің қауіпсіздігі – жұмысымыздағы ең басты бағыттардың бірі. Қор салымдардың сақталуын қамтамасыз етіп қана қоймай, зейнетақы шоттарының иелеріне қатысты деректердің құпиялылығы үшін де жауап береді.

БЖЗҚ ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуі мен жаңа жобалардың іске қосылуына ерекше назар аударады, сондықтан біз деректерді қорғаудың қабатты мультиталатформалық (көп деңгейлі) жүйесін құрдық.

– Аты айбынды естіледі екен. Ол не?

– Қабатты қорғаныс – бұл заманауи ақпараттық ортадағы көп векторлы, үнемі өзгеріп отыратын қауіптермен күресудің тиімді тәсілі. Біздің Қор үшін сайтты бірдей қамтуға болатын бір метрокластер сақтау жүйесін құрастыру жұмысын аяқтады. Апат орын алған жағдайда осы метрокластер қамтып отырған үш сайттың төңірегін әрдайым деректердің толық көшірмесі сақталып қалады. Деректерді өңдеудің осындай резервтік орталықтары Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларында бар, ол өз кезегінде БЖЗҚ-ға тіпті жаһандық немесе табиғи апаттар қауіп төндірген жағдайда да ақпараттық зейнетақы қызметтерін үздіксіз ұсынуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта мұндай резервтік

орталықтар ешқандай ақаусыз жұмыс істеуде және олардың үздіксіз жұмыс істеу көрсеткіші 99,98% құрайды.

– Сіздің сайтқа шабуыл жасалса ше?

– Біздің жүйеде ол да қарастырылған. 2019 жылы біз Қордың WEB-серверлері мен қосымшаларының қорғанысын қамтамасыз ету мақсатында Web Application Firewall бағдарламалық-аппараттық кешенін өнеркәсіптік пайдалануға енгіздік, ол – веб-қосымшалар үшін желіаралық экрандау. Бұл біздің негізгі сайттың ғана емес, сондай-ақ уялы қосымша клиенттерінің сұраныстарын өңдеу сайты мен чат-боттарға түсетін сұраныстардың да қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Осының арқасында аталған WEB-серверлер мен Қордың қосымшаларын кешенді кибершабуылдардан, сайттардың бұзылуынан, жүйеге хакерлік шабуылдардан, web-сайтқа зиянды кодты енгізуден, Қордың Web ресурстарын заңсыз пайдаланудан және басқа да қауіптерден қорғау шаралары іске асырылды.

Өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген сәттен бастап БЖЗҚ-ның қауіпсіздік жүйесін бұзуға немесе салымшылардың (алушылардың) дербес деректерін жария етуге ниеттенген 105 млн.адам түрлі желілік шабуылдар жасалса да, біз оған тойтарыс беріп отырдық.

– Ал сіздер пошта мекенжайларына көп жіберілетін зиянды хабарламалармен қалай күресесіздер? Шынымды айтсам, бұл бәрімізді шаршаты.

– Сіз дұрыс айтасыз, бұл қазіргі кездегі киберқауіптердің ең негізгісі. Ол «фишинг» деп аталады, мақсаты – пайдаланушылардың құпия деректеріне (логиндерге және парольдерге) қол жеткізу немесе фишингтік хаттарды салымшылардың да, Қор қызметкерлерінің де электрондық поштасына жаппай жіберу.

Осыған байланысты біз «БЖЗҚ» АҚ-ның ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымына және элек-

трондық ақпараттық ресурстарына қатысты киберқауіпті анықтау және оның жолын кесу бойынша тиісті мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасты үнемі қолдап отырамыз.

– Менің білуімше, қазір Қор қызметкерлерінің көпшілігі қашықтан жұмыс істейді. Қызметкерлердің жүйеге кіруін қалай қамтамасыз етіп жатырасыздар?

– Иә, COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуына және пандемияға байланысты ҚР Президентінің Жарлығымен Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында ТЖ режимі жарияланған кезде Қор қызметкерлері (кезекші операциялистерден басқарла) жұмыстарын өзін-өзі оқшаулау жағдайында жалғастырулары керек болды. Ол үшін қысқа мерзім ішінде көп факторы аутентификация орнатылған сенімді байланыс арнасы (VPN), желіаралық экрандар мен IDS-тегі қауіпсіздік саясатының тиісті баптаулары жасалып, жұмыс орындарына қашықтан кіру ұйымдастырылды және физикалық қолжетімділік пен сақтықты бақылау күшейтілді. Бұл ауқымды жұмыс салымшыларға қызмет көрсету процесін бір күнге тоқтатпастан, жедел және кәсіби түрде жүргізілді.

– Осы бағыттағы болашақ жоспарларыңыз туралы айтып өтсеңіз?

– Жоспар көп. Қор қол жеткізген табыстармен шектеліп қалмайды, алда салымшылар туралы ақпаратты қамтитын криптографиялық деректерді қорғау құралдары мен тетіктерін, оның ішінде қызмет көрсету орталықтарын, мобильді кенселер мен барып қызмет көрсететін мамандарды қоса алғанда Қордың корпоративтік желісінің барлық байланыс арналарын шифрлеу құралдарын одан әрі дамыту бойынша ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Сондай-ақ Қор киберқауіпсіздікті қушеіту мақсатында БЖЗҚ ақпараттық жүйелерінен құпия деректердің шығуын болдырмау технологиясын дамыту, салымшылар мен қызметкерлердің олармен жұмыс істеу сәтінде жүйені қолданушының тану және оған қандай да бір өкілеттілік құқығын беру процесін қушеітуді жоспарлап отыр. Киберқорғауды қушеіту жөніндегі тағы бір шара – Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жөніндегі операциялық орталықты (SOC) құру.

Тағы қайталап айтайын, Қордың басты міндеті – ақпараттық қауіпсіздік және салымшылар деректерінің құпия сақталуы!

– Сұхбат бергеніңіз үшін алғыс білдіреміз!

Сауда саласының дамуы – мемлекет назарында

Сауда саласы – экономиканың ең байырғы салаларының бірі. Тас дәуірінен бастау алатын қарым-қатынастың бұл түрі қоғамның құрамдас бөлігі болып саналады. Қоғаммен бірге дами келе қазіргі таңда сауданың сан алуан түрлері қалыптасты. Соның ішінде, ішкі сауда халықтың тұрмыс-тіршілігіне, төлем қабілеттілігіне тікелей тәуелді. Халықтың тұрмыс деңгейі артқан сайын сауда айналымы арта түседі.



Әлемдік экономикада сауда саласы алғашқы бестіктің қатарында болса, республиканың жалпы өнірлік өнімінің 17 процентін, жұмыспен қамтылған халықтың 16,3 процентін құрайды. Бұл көрсеткіштер облыста сәйкесінше 8,7% және 17,6 процентті құрап отыр. Аймағымызда шағын және орта кәсіпкерлік саласының үштен бірі осы сауда саласына тиесілі. Статистикалық мәліметтерге келетін болсақ, 2020 жылдың қантар-мамырында бөлшек сауда айналымы 106,4 млрд теңгені құраса, көтерме сауда 62,3 млрд теңгені құрады.

Елімізде коронавирус пандемиясына байланысты енгізілген төтенше жағдай және карантин режимі сауда саласына әсерін тигізбей өтпеді. Сауда нысандарының жұмыстары уақытша тоқтатылуы себебінен сауда субъектілері өз қызметтерін онлайн сатуға қа-

рай бағыттап, «тұтынушыға дейін жеткізу» қағидаты бойынша электронды сауданы қолға алды. Бұл өз кезегінде дәстүрлі сауда айналымының төмендеуіне әкеп соқты.

Биылғы жылдың қантар-мамыр айларындағы бөлшек сауда айналымы өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда төмендеушілік байқалады. Осыған орай, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссияның осы жылғы 10 сәуірдегі отырысында шағын және орта бизнесті тоқыраудан шығарып, кезек-кезеңмен жандандыру туралы тапсырма берді.

Облыста биылғы 29 сәуірден бастап шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне кезек-кезеңмен рұқсат беріліп, кәсіпкерлік саласы қайта жандануда. Атап айтқанда, бірінші

кезең 29 сәуірден, екінші кезең 4 мамырдан, үшінші кезең 11 мамырдан, төртінші кезең 18 мамырдан, бесінші кезең 25 мамырдан, алтыншы кезең 1 маусымнан басталды.

Нақты кезеңде күшейтілген санитарлық режимде барлығы 47 мыңға жуық кәсіпкерлік субъектісінде 90 мыңнан аса адам жұмыс жасауда. Сауда саласын дамыту мақсатында ел Үкіметімен «Сауда саясатын дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» әзірленуде. Бағдарламаның басты міндеті – сыртқы, ішкі, биржалық, шекаралық, электронды сауда салаларын дамыту болып табылады. Сондай-ақ, тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігі, тұтынушылардың құқығын қорғау және сауда-көлік инфрақұрылымын дамыту міндеттері қамтылған. Сондай-ақ, бағдарлама шеңберінде сауданы дамытуға қаржылай және қаржылай емес қолдау шаралары көрсетілетін болады.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес төтенше жағдайдан кейін шағын және орта кәсіпкерлікті сауықтыру үшін мемлекеттік бағдарламалардың қаржыландыру шарттары жетілдіріліп, бюджеттен қосымша қаражаттар тартылууда.

Биылғы жылы, «Бизнестің жол картасы 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға қаралған 1,7 млрд теңге қаражат 3,4 млрд теңгеге ұлғайтылды. Сондай-ақ, нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы арқылы Қызылорда қаласына шағын несие беру құралына 250 млн теңге бөлінді.

Қорыта келе, экономиканың негізгі қозғалыс күші болып табылатын кәсіпкерлік саласы, оның ішінде сауда саласының дамуы мемлекеттің назарынан тыс қалған емес. Осыған орай, мемлекеттің жан-жақты қолдау шараларын тиімді пайдалану арқылы тұтастай экономиканың дамуына үлес қосуға кәсіпкерлердің мүмкіндігі мол.

Динара ҚУДАЙБЕРГЕНОВА,
облыстық кәсіпкерлік және
туризм басқармасының сауданы
дамыту бөлімінің басшысы

«Директорлар дайындайтын ауыл»

Ауылға барған сайын Шынтас Жалғасбаев атындағы көшенің бойына орналасқан ескерткіш тақтадағы Шөкеннің бейнесіне көзім түседі. Ағамыздың сұсты да ажарты келбетін жанарым шалғанда сағымға айналған өткен жылдардың елсі санама оралып, елжірей жымиямын. Олай болмағанда ше!?

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы»

Қазіргі таңда әулие әрі баатыр Жанқожа бабамыздың атын иеленген, облыс көлеміндегі тіресті ауыл саналатын бұрынғы Қазақстанның 40 жылдығы атындағы кеңшардың шын мәнісінде өсіп-өркендеуіне ширек ғасырға жуық директор болып қызмет атқарған Шынтас Жалғасбаев зор еңбек сіңірді. Мұны сол ауылда дүниеге келген, Шөкенмен бірге қызмет жасаған, сол елден түлеп ұшқандар жақсы біледі. Өзгесін айтпағанда, ауыл іргесіндегі оның басшылығымен соғылған қорғаныс қашысының іргелі ауылды топан судан аман алып қалғанын қалай ұмытсарсың!?

1969 жылдың соңғы айлары болатын. Шынтас Жалғасбаевтың кеңшар директоры қызметіне жаңадан тағайындалған шағы. Ауыл топан судың құрауында қалды. Табиғаттың қатал сыны күлдегі жана директорды сынақтан өткізгі келгендей тосын қылық танытты. Алайда Шөкен бұл сынақты да міз бақпай қарсы алды. Бастауыш сыныпты оқытын кезім. Анам мектеуге ауыл қызмет жасайтын дүкен ойпатқа орналасқан еді. Ауыл дүкеніндегі мемлекеттің қыруар мүлкін сел басу қауіп туындады. Жанұшырып жүгіріп жүрген ата-анама директор жіберген адамдар көп ұшын созды. Бәрі жабылып дүкендегі заттарды арбап, машиналар дөң басындағы үйімізге тасыды. Шағын бөлмеге сыймағандарын текшелеп аулаға жинады. Азық-түлік, темекі-шарап, киім-кешек... бәрі бар. Неткен, дархан пейіл десеңізші! Шомнан жасалған аласа ауданың тақтай есігін түнелікке сыммен ояй саламыз. Күзетші мүлде жоқ. Дегенмен, ниеті бұзық пендені кездестірмейсіз. Тұтас қысты осылайша өткіздік.

Басшылыққа жанадан келген Шөкенге ауылды тасқын судан аман сақтап қалу оңайға түспегені анық. Бірақ жігері жасымалды. Телегей тер төгілді. Аудан көлеміндегі мекеме-кәсіпорындар көмекке жұмылды. Қуатты техникалар күндіз-түні жұмыс жасады. Ауыл радиосынан «су тасқыны» деген хабар жиі естілетін. Ондай сәтте ойпатта орналасқан үйлердің тұрғындары қыр басындағы ауылдардағы үйлеріне көшіп келіп, қауіп өткенше бірге тұратын. Бір ғажайып, ешкім қабақ шытпайтын. Төбесі шатырланбаған, қарабайыр тәсілмен салынған шағын үй-

лерде бірнеше отбасы өмір сүргенін көз көрді. Ауылды шеңберлей топырақтан соғылған биік қашының сілемі әлі бар. Балалар сол маңайдан қойдың асығын дорба-дорба қылып теріп алып та жүрді.

«Бір қорқыныштың бір қуанышы болады». Су қайтқан соң, топырақ құнарланды. Жем-шөп базасы нығайды. Жылына 25 мың тоннаға дейін мал азығын әзірлеуге жол ашылды. Мал бордақылау алаңы ұйымдастырылды. Жоңышқа егу көлемі ұлғайды. Аса ауқымды сүрлем, жүгері сүрлемі дайындалды. Қышқылтым ісі таңауды қытықтаған құнарлы азық ірі қара, уақ жандықты тез оңалтатын. Аудан орталығында шаруашылық аласы іске қосылды.

— Шөкеннің кезінде кеңшардағы қой саны 60 мыңға, жылқы 2 мыңға, түйе 2 500 басқа жетті. Қарақұм беткейіндегі малшылар жертелден заманауи үйлерге шығарылды. Төрт ферманың орталығы ашылды. Санаулы мерзімде 100 тұрғын үй салынды. Мектеп, аурухана, клуб бой көтерді. Мұратбаев ұжымшарынан Шілі елді мекені бізге берілген еді. Алғашқы жылдың өзінде 15 үйді пайдалануға тапсырды. Жапан түздегі жалғыз қонсақа көше түсіп, ауылға айналды. Тынығу лагері жасалды. Жаңына ауыз суға арналып бұлақ қазылды. Шөкен елді мекені де іріленді. Аэропорт жасакталып, ұшақ қатынады. Қырылдағы Сайқұдық жайлауына, Шіліге кідіріссіз жолаушылар тасымалданды. Шөкеннің қабілет-дарыны тұрмекке еді. Қазіргі уақытта қолға алынып жүрген көптеген бағдарламаларды, азық-түлік қауіпсіздігі, мал тұқымын асылдандыру бағытын Жалғасбаев сол кездің өзінде жүзеге асырды. Қарақұмдағы Әсем учаскесінде қозыны бордақыға қойғызды. Күтімі келіскен қозының салмағы 42 келіні, Ақбелдегі ісек 66 келіні құрады. Өте жоғары жетістікке сол кездегі облыс басшысы Еркін Әуелбеков қатты риза болыпты. Ауылды қолдандыру үшін Аққолқа каналын экскаватормен қаздырды. Биік құмның төбесіне аяқ су жекпелді. Бұған басшылық жасауды білікті бабған Жасағанберген Дербісовке тапсырды. Ащыкөлдің қырқасына егілген қарбыздың ірілігі талайды тамсандырады. Қырықжылдықтын қара күлөбісі, сары ала қауынына Ре-



сейден сұраныс көп түсетін. — дейді еңбек ардагері, ұзақ жылдар ауылдың құрылыс саласын басқарған Жаңабай Жаскылыков аға.

Шынтас Жалғасбаев басқарған тұста Қазақстанның 40 жылдығы атындағы кеңшар республиканың, одақтың ауыспалы қызыл туын 27 (!) мәрте иеленді. Есімі одақтың «Алтын кітабына» енді. «Озат тәжірибе» мектебіне айналды. Шөкеннің өзі «Ленин», екі «Еңбек қызыл ту», «Халықтар достығы» ордені, көптеген медальдарды жарқыратып омырауына тақты. Қазақстан компартиясының Х-ХІІ-ХVІ съезінің делегаты атанды. Екі мәрте облыстық, ұзақ жылдар бойы үзіліссіз аудандық кеңестің депутаттығына сайланды. Арал өңірінде дүниеге келіп Қазалы ауданының экономикасының өсіп-өнуіне зор үлес қосты. Қатардағы балықшыдан ел ағасы дәрежесіне көтерілді.

Шөкен қиыс басқан талай жастың қайта қатарға қосылуына ықпалын тигізді. Біздің бозбала шағымыздағы ауыл клубы көше тентектерінің күш сынасу алаңы тәрізді еді. Топ-топ боліпін, жанжалдасу белең алып тұрды. Уақыт өте бәрі қалпына түсті. Сол кездегі көше тентектері кейін үйлі-баранды, салауатты отағасыларға айналды. Бұған Жалғасбаевтың қосқан үлесі аз емес. Қатал болғанымен әділ ауыл ағасы бозбастардың еркелігін кешіре білді. Өке ретінде түсінді. Кіналіні жазғырғанмен, жамандыққа қимады. Қылмыскер атандырған жоқ. Тәлі-тентекті өзі бастаған ауыл ағалары-

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

нын талқысына салғанда маңдайыннан терің сөргілеп, екінші қайталамауға ант-су ішесің... Ал Шөкеннің талқысын басынан өткендер жақсы біледі...

Жолдамамен ауылға жұмысқа орналасуға келген кезім. Кенеселгі мәжілістің аяқталуын ұзақ күттім. Тағатым таусылды. Ақыры есік қағып, ішке ендім. Адамға лық толы екен. Мүлгіген тыныштық орнады. Директордың өткір жанары қанжардай қадалды. Суық раймен басымнан-аяғыма дейін шолып өтті. Маңдайымнан суық тер бұрқ ете түсті. Сасқалақтап жолдамамды ұсындым. Сондағы кескін-келбетімді шама-шарқымша суреттеп берейін. Сексенінші жылдардағы сән үлгісі есіңізде шығар?! Ұзынтұра, шашы ығын жапқан, балағы жарты кез шалбар, тар жиде, самbrero шлөпі киген, жалтыраған көзілдірік ілген бозбаланы мен десеңіз, қателеспейсіз.

Алуға бұлыққан Шөкен «Бұл жын-перінің мекені емес. Көзіме көріңбе. Жалбыраған шапыңды алдыр. Адам сияқты киініп кел» деп қуып шықты. Мұндай қысылмаспын. Қалың, бұйра шашымды қысқартуға қимағанмен, амал қанша. Шаш қысқарды. Киім реттелді. Бұл жаңалыққа бәрінен бұрын марқұм әжем қатты қуанды. Жұмысқа қосылып кеттім. Бірде Шөкен кабинетіне шақыртты. Сал бұрын жиналасқа түсіп, есенгіреп шыққаным. Неге дейсіз бе? «Көше шайқасында» тым белсенділігімнен көзге түскен едім. Есіктен жүрексініп кірдім. Жалғасбаев болса, «Ауданнан жасакталған Сібірден құрылыс материалдарын әкелетін топтың құрамына қостық. Бойына сыймай жүрген қуш-қайратынды пайдалы шаруаға жұмса» деп қысқа қайырды. Үн-түссіз басымды изедім. Осылайша Сібірдің де дөмің таттым. Сол сапардан алған әсерім жылдар де «Сағыныштан сарғайған Сібір» атты әңгімеге айналды.

Шынтас Жалғасбаевтың ғиыратын бойға сіңірген Өткелбай Жолмырзаев, Қабақ Бимырзаев, Жолдыбай Құлманов, Берік Бисембаев, Мәлқайдар Дүйсенов, Жеңіс Өметов, Қайрулла Дармағанбетов, Қуаныш Ұяқасов, Әліна Шәкенбай, Серік Мендібаев, Қонысбай Ниятәлі өзге де іні-қарындасарының тұтас шоғыры ірі шаруашылықтарды, ауылды басқарды. Кезінде Қазақстанның 40 жылдығы атындағы кеңшарды зілділ-шынды «директорлар дайындайтын ауыл» деп атаушы еді. Жазушы Садқыбек Адамбеков ағамыздың «Атылған қыз туралы аңыз» атты кітабының басты кейіпкері Шынтас Момбековтың прототипі Шынтас Жалғасбаев екенін айта кетсек. Быыл Шөкеннің өмірге келгеніне 90 жыл толды. Еңсегей бойлы өр ұлын елі ұмытқан жоқ!

Қазалы ауданы,
Жанқожа батыр ауылы

ҚАЗАНАМА



22 маусымда облыстық өзбек этномәдени бірлестігінің ардагері, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Хамидов Ашур Халилұлы дүниеден озды.

Ашур Хамидов 1943 жылы 15 мамырда Бұқара қаласында ұстаздар отбасында дүниеге келді. 1954 жылы ол отбасымен бірге Қызылорда қаласына қоныс аударды. Еңбек жолын технолог ретінде бастады және ұзақ жылдар бойы қоғамдық тамақтану саласында жұмыс жасады.

Арнайы салада үш жылдық жұмыс тәжірибесіне жеткен соң, Самарқан кооператив институтына тамақтану өндірісінің инженері мамандығы бойынша оқуға түсті. 1970 жылдардың басында 2 жылдық әскери қызметтен кейін колледжді бітіріп, Қызылордаға оралды. Өз жұмысының нәтижесінде облыстық өнеркәсіп басқармасы бастығының орынбасары қызметіне дейін жоғарылады.

Облыстық өзбек этномәдени бірлестігінің негізін қалаушы Ашур Халилұлы 20 жылдан астам уақыт бірлестіктің тұрақты жетекшісі болды. Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі атанды.

Этносаралық келісімді нығайту саласындағы сіңірген еңбегі үшін «Құрмет» орденімен, Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» алтын медалімен, мерейтойлық медальдармен, көптеген дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталған.

Ашур Хамидовтың жарқын бейнесі Сыр елі халқының жалында мәңгі сақталады. Оның өмір жолы мен игі істері жас ұрпаққа лайықты үлгі болады.

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес және облыстық Ардагерлер кеңесі, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы

Көп жағдайда адамның азан шақырып қойған ныспысы оның өмірдегі бітім-болмысын білді бейіре бермейді. Аты мен заты үйлесе қалағын жандар сирек. Сондай сиректің бірі көп жылдардың кезеңінде келген кеңес сұраққан сыралты досымыз Райымбек еді.

Шынында Рекеннің есімі мен еңсесі бір-бірімен етене көрінетін. Араб тілінен аударғанда, «райым» сөзі «рақымды», «мейірімді» деген ұғым береді екен. Сол айтылғандай, досымыз ылғи жан-жағына тек шуағы мен шұғыланын шашып жүретін. Мазмұны мен мағынасы осылай сәйкес келіп тұрған ол ойрапы түсіп жатса, адамға жасалық жасағысы, көлдей көмектің көрсеткісі, қайырылы қолының ұшын созығысы келіп тұратын. «Жақсы адамға мал бітсе, ағайынның жоқ-жітігіне қарасанды» деген сөз тура біздің досымызға арнап айтылған секілді. Негізінде, адамның адамгершілік абзал қасиеттері, азаматтық тұлғасы, өресінің биіктігі, болмысының бейнесі, төңірегіндегілерге жанаушылығы айқын көрінетін бедерлі тұстар болады. Мұндай қасиеттер былайғы қым-қуыт тіршіліктің тінінде, жайбарақат күндердің күресінде аса байқала бермеуі де мүмкін. Бұл үшін оған дүмпу беретін өзгеше бір оқыс оқиғалар, төтенше жағдайлар, суыт хабарлар орын алуы керек. Сондай сәттерде кімнің кім екені, кімнің неге тұратыны айқын аңғарылып қалады. Біздің Райымбек мұндай бұрқасында ешқашан жолынан жанылған жоқ. Ол дәйім қиналған ағайынның алғауынан шығып, қасынан табылды, сүрінпін жатса, демеді, құлап жатса, тұрғызды. Бұл, әрине, екінің бірін қолынан келетін мәрттеп пен жоғартаушы емес. Сол қалпынан өмір бойы таңбай өтті. Сондай бір таза пейілді, мейібан жүректі ауылы достың кісі біткенге жылы жымияп, күлімсіреп қарағын кескін-келбеті менің жасыма қаттай қатталып қалыпты. Қазір оны ойға алған сәттерде көңілімнің көкөйнегіне осы мамырайай кейпі көлбедеп келе береді.

Осындай достыққа адал, антына берік, ісіне мығым жарамды жорадан қапияда айырылып қаламыз деп кім ойлаған! Осының өзі бұл дүниенің жалған екенін тағы бір мәрте еске түсіріп өткендей болып кетеді. Міне, осылайша жаныңа жақын адамның өзекті өртеп, өмірдің өркен көшеңде, тіршіліктің ерекшеліктерінің бәрі құр әбігершілік, бес бекершілік сияқты болып сезіледі екен. Мен Райымбек бірнеше ай төсек тартап жатып, сөнген отты жүлдізді сынды фәни көгінен өте шыққан кезде, осындай ой мен қиялдың қуағанын ажырай алмай-ақ қойдым. Бірақ тағдырдың кей кездері осындайлықты қатқыл келетін қарекетіне жасай алатын ешбір қайранымыз жоқ.

Бізді әу басында өміріміз өзі таныстырып, табыстырды. Біз әлдекімдерге ұқсап, бір-бірімізге адал дос болуға ант-су ішкен жолымыз, пышақ жүзінен өткізген білектімізді айкастырып қойып, серт беріскен емеспіз. Барлығы да тіршіліктің өзіне ағысында астар тауып, оярайласып келді. Қазір қарай тұрсақ, екеуіміз бір-бірімізді сонау 80-ші жылдардың ортасынан бері біледі екенбіз. Сол тұста екеуіміз де қалада жұмыс істеп

жүрдік. Мен облыстық агроөнеркәсіп кешені қызметкерлері кәсіподағында еңбек жөніндегі техникалық инспектор болсам, Райымбек «Агропромтехника» бірлестігіне қарасты автокөлік мекемесінде бас инженер екен. Сол жылдары екеуіміз әртүрлі қауымның қауышұында, өзмізге ортақ дос-жарандардың кездесулерінде ұшырасып қалатынымыз. Әлбетте, әдепкілері керемет жарасып, достық қарым-қатынас орнатып кеттік деп айта алмаймын, бірақ сол кездің өзінде екеуіміздің арамызда бір-бірімізге деген қошеметті құрмет пен салиқалы сыйластықтың ірге қалағаны рас. Сол құрмет пен сыйластық уақыт өте келе, бір-бірімізді жақынырақ тани түсу үстінде бұдан әрі дамымаса, әсте ешбір кеміген емес. Кейін екеуіміз де бизнеске кеттік. Бұл еліміздің егемендік алып, тәуелсіздікке көл жеткізген алғашқы жылдар болатын. Нарықтық қатынасқа көше бастаған қоғаммен бірге біз де кәсіпкерліктің арқапал дорба тасытын кезеңдерінен бергі мехнаттарының бәрін бастан кеше жүріп, біртіндеп өсіп жетілген едік. Екеуіміз коммерцияның күре жолына кеулеп түскен тұсымызда қызылдан табыстық, сол кезде дейін жиган-терген мұқамалымызды ортақтастырып, мұратты тірліктің жолына бет бұрдық. Бұдан екеуіміз де жанан болмады, тіршілігіміздің түтін тузу ұшып, іргеміз бірте-бірте беки берді. Ал 1999 жылдың соңына қарай мен өмір жолымды өзгертіп, Сырдария ауданына әкім болып кеткен кезде Рекең екеуіміз екі бөліктен біріктіріп құраған кәсіпшілігіміздің тізгінін ұстап қала берді, мен өзімің үлесімді оған уақытша сенімді басқаруға қалдырып кеттім.

Осы жылдардың бәрінде де Райымбек өзінің досқа да, кәсіпке де, өзеге де, жұмысқа да адалдығынан танбалды, тазалықтың ақ жолынан айнамады, тізгін негізінен өз қолында болса да, ортақ бизнеске қатысты тірлік түйіндерін көп жағдайда кеңесе отырып, бірге шешіп жүрдік. Соның арасында айнымас досым мен басқарып отырған Сырдария ауданының С.Сейфуллин атындағы кеңшарының директор болып та қызмет атқарып көрді. Әрине, бұл тұрғыдағы ұсыныс пен қолдаудың менің тарапымаң болғаны айтпаса да түсінікті шығар. Рекең мұнда 2002 жылдың басында барды. Ол шаруашылықтың ынырашағы айналып, тұралап тұрған кезі еді. Мен де досыма сенгендіктен, осы совхозды басқарып, белгілі бір белеске көтеріп беруді өтінген болатыным. Обалы не керек, Райымбек бұл ретте менің де, ауылдағы барша жұрттың да көңілінен шыға білді. Жұмыс жүріп үшін кей жағдайларда өзінің қаражатын осында құйып жүргенін де талай байқадым. Осындай жанды да өрелі жұмыстардың арқасында кеңшар көп ұзамай табанынан тік тұрып, айтарлықтай көтеріліп қалды. Осының арқасында Рекең ауылдағы елдің үлкен құрметіне бөленді. Бірақ мұнда келгеніне

тура екі жылға жақындаған шамада, 2003 жылдың соңында ол маған келіп, өзін бұл жұмыстан босатулы сұрады. Сөйтіп, оны рахмет айтып шығарып салуға тура келді. Ең бастысы, досым өзінің қандайда бір жауапты жұмысты атқарып бере алар қабілеті бар екенін дәлелден берді. Негізінде, мұның бәрі мінезге байланысты нәрселер еді.

«Мінез» демекші, өз басым Райымбектің қандай жағдайда да өзінің салмақты қалпынан ажырамай, бәрін сабырмен шешуге ұмтылатынын талай

Атына заты сай азамат еді

аңғардым. Ол шынында мінезге аса бай адам еді. Соның да бір қаныс себебі бар шығар, біз қаншама жыл қатар жүріп, бірлесіп тірлік атқарған кезімізде ешқашан бір-бірімізге «ишай» десіп көрген жоқпыз, арамызда айтылған бір ауыз артық сөз болмады. Расында Райымбек — көбіне-көп өзінен бұрын өзгенің көңіліне қарап, қабағын бағып тұратын атпал жігіт-тің. Ол өзімен сыйласқан жандардың жетістіктері мен жақсы істеріне балаша қуана білетін, қайғысына қабырғасы қайысып, қолынан келген көмегін ала жауғіретін нағыз жанаушы жан болды. Бұл Рекеннің өзі өскен ортаның ашылу-тұшылы тәлімін өз зерені сүзгісінен өткізіп, керетін алып, керек емесін қалдырып, зерделі тұлғаға айналғанын көрсететін айғақ еді. Ол сондықтан алдың, жолын, жөнін саралай білетін өресі биік, пайымы жоғары азамат атанды.

Меніңше, осының бәрі оған ата-ананың қанымен берілген, отбасындағы түбірлі тәлім-тәрбиемен қалыптасқан қарымды қасиеттер-ді. Олай дейтінім, Райымбектің әкесі Жамалбек аға өз ортасында сыйлы, барыша меймандос, өмірде көргені мен түйгені көп көшелі кісі болды. Ол кезінде өз ұрпақтарын айтпағанда, аталас ағайындар балаларына да жоғары оқу орындарына түсіп оқуларына ықпал жасады. Бұл оның көпшілігі мен көрегенділігін көрсетеді. Рекеннің анасы Фатима апай да жүзінен нұры төгіліп тұрған, өте бір биязы, құдайына қараған жақсы адам еді. Міне, осындай орнықты отбасынан тағылым алып шыққан досымыз ата-ана даңқына ешқашан қылау түсіріп көрген емес.

Сөз реті келгенін айта кетейін, Райымбек Жамалбекұлы Шәйімбетов 1955 жылы 24 наурызда қазіргі Шиелі ауданындағы «Тартоғай» ауылында өмірге келген. Ол 1972 жылы онсындағы орта мектепті бітіргенін, алдымен Қызылорда политехникумына оқуға түсіп, механик дипломына қол жеткізеді, бұдан кейін оқуын Жамбыл гидромелиоративтік-



бастығы, бас инженер қызметтерін атқарды. Тәуелсіздіктің алғашқы елең-аян жылдарында, бизнеске бет бұрғанға дейін «Агропромтехника» бірлестігінде товарвед болды. Кейінірек С.Сейфуллин атындағы совхозды әбіроймен басқарғанын жоғарыда айттып өттім. Осының бәріндегі өлшеусіз тер мен адал еңбекте Рекеннің арғы аталарынан бері жалғасып келе жатқан тектілік пен бекзаттықтың бірегей болмысы жатыр.

Қарап отырсақ, Райымбектің ата-бабалары арасында халық бір тұтқан толымды тұлғалар аз болмаған екен. Тым алысқа бармай-ақ, оған баба болып келетін Райымбек қажыны кезінде бұл өңірде танып-білмейтін жан болмаған көрінеді. Заманында Меккеге үш рет қажылыққа барып келіп, 7 жыл болыстық қызмет атқарған ол айналасына жасаған қамқорлығы арқасында жұрттың жадында жақсы атымен қалып қойған. Сол Дүйсеман қажыдан Шәйімбет бастаған төрт бала туалы, ал Шәйімбеттен Шәрібек, Шатланбек, Жамалбек және Кеңгек тарады. Біздің Райымбек досымыз аса Жамалбек ағамыздың екінші ұлы. Ата-баба дәстүрі мен салттың жауақ-серлейтін ол кейін өз құрған қауыпкершілігі шектеулі серіктестікке «Дүйсеман эж» деген ат қояды. Меніңше, өзіндік ырыммен қойылған осы атау Рекеннің жұмысының онды болып жүруіне айтарлықтай серін берген сияқты.

Ата-баба дәстүріне берік Райымбектің бұл тұрғыдағы бір әрекетіне куә де болған жайымыз бар. Ол әкесі Жамалбектің өз әкесі Шәйімбеттің басына белгі сала алмағанын айтып өткенін үнемі жадында ұстап келіпті. Содан әкесі қайтыс болғаннан кейін осыны аманат ретінде қабылдаған ол қалайда бұл міндетті орындауды алдына мақсат етіп ұстанды. Сөйтіп, атасының жерленген жерін білетін кісілерді іздедіріп. Дегенмен, «Көп іздеген жоктың өзіне қолыңа-ды» деген рас екен, бір күні «Жетікөл» ауылында тұратын Шопанбек атты қа-

рияның бұл жайында білетіні туралы хабар естиді. Ести сала, қасына кезінде совхозда жырмаша жыл мал баққан Пернебек деген кісіні ертіп, аталған елді мекенге баралы. Барса, айтылған ақсақал шынында бәрін білетін болып шықты. Айтты отырса, мұның әкесі Жамалбекпен 7 сыныпқа дейін бірге оқыпты. Бұл да 1928 жылы, демек, әкесімен түйдей құрлас. Ең қызығы, бұлар үйге кіріп барғанда, ауымзғы болмеде кездескен кейуана кісі мұның Шәйімбеттің Жамалбекінің баласы екенін естігенде, «Сен қай баласысың, Раушанбексің бе, Райымбексің бе?» деп сұрақ қойып қарсы алады. Мұның өзі бұл кісілердің кезінде бір-бірлерімен өте жақын араласқандарын білдіретін жайт еді.

Ал Шопанбек қария сол жерде Шәйімбет атқа қатысты деректерді түгел айтып береді. Райымбек сөз арқылы атасының «Қотыр әулие» деген жерден батағысқа қарай 1,5 шақырымдай қашықтағы ескі қорымда жерленгенін біледі. Бірақ қазір ақсақал жасының ұлғайып қалуына байланысты ол жаққа өзі барып көрсете алмайтынын айтты, оны өзінің сілтеуі бойынша тауып беруді сол жерлерді жақсы білетін қасында отырған Пернебекке тапсырады. Сөйтіп, Райымбек сол 2011 жылы көпке созбай, атасының басын қарайтып, аруағына арнап ас берді. Осы оқиғаның басы-қасында жүргенін, мұның бәрі бізге де жақсы таныс.

Ұдайы көпшіліктің көңілін тауып жүретін досымыз өзіне аталас ағайын болып келетін алты Алаш көсемдерінің бірі Мұстафа Шоқайға байланысты іс-шаралардың да барлығының басы-қасынан табылды. Ол осы сынайда «Мұстафа Шоқай» қорының ұйымдастыруымен бірнеше кісінің Германия мен Францияға барып, сол жактарда мәңгіге дамылдап жатқан Мұстафа Шоқай мен оның зайыбы Мария Шоқайдың зираттарына зиярат етулеріне кететін шығынды көтеруге атсалысты. Сондықтан да «Мұстафа Шоқай» қорының президенті Базарбай Атабаев ағамыз: «Райымбек — біздің Жамалбек деген ағамыздың ұлы, жақсы көретін інілеріміздің бірі еді. Онда әлдене жөнінде өтініш не ұсыныс айта қалсаң, әлдеқандай бір себептер тауып алып, бас тарту деген болмайтын, қашанда болар істің басына қарай бет алатын. Көп жағдайда саған өзі келіп, нендей көмек керек екенін сұрап тұратын», — деген еді кейін.

Қазақтың аймандай жампоз жазушыларының бірі, алты Алаштың мақтан тұтар білімпаз қаламгері Мұхтар Мағамұлин бірде: «Кез келген жанның артындағы алыс-жақын ағайынға, ол қандай да әлеулсі тұлғаның туған халқына тастап кеткен аяқтайты аманаты болады. Соның бір парасы — Алаштың азаматын кейінгі

ұрпаққа таныта түсетін, естелік кейіпті шығармалар», — деп жазғаны бар. Мен бұл сүлей сөздің растығына Райымбек досымның көңіл толқытатынын көптеген көрікті тірліктері арқылы көз жеткізе түсемін. Осы сайлаптан келгенде, ол туралы жазу маған қажетті ләззілді ләмі ғана емес, шын мәнінде міндетті парыз сияқты болып көрініп тұрды. Өзін осылай ата-ананың алдында, ағайынның ортасында аманат арқапал қалған азаматтай сезінген Рекең тынымсыз тіршілігінде көп адамның қолынан келе бермейтін көптеген қиуалы іске құлаш ұрды. Мәселен, құдай қосқан қосағы — Гүлдірайханның інісі Ғаниды кішкентайынан қолына алып, өз балаларынан кем қылмай, тәрбиелеп



● ТҮЛҒА

Шебердің қолы ортақ

«Тұлға» айдарының бүгінгі кейіпкерінің өмір жолы теміржолмен біте қайнасақ.

Сексеуілдік Серік Баспақбаев орта мектеп бітірген соң осындағы локомотив депосында еңбек жолын жұмысшы болып бастап кетті. Келесі жылы депода ашылған тепловоз жөндеушілерге арналған үш айлық курсты оқып бітірді.

Сb Ыдырыс ТӘЖІҮЛЫ, «Сыр бойы»



Жұмыс істей жүріп білімін жетілдіруді мақсат тұтқан жас маман Алматы теміржол техникумына сырттай оқуға түсіп, 1987 жылы тепловоз шаруашылығы мамандығы бойынша бітіріп шығады. Кейіннен осы бағытта теміржол шаруашылығы академиясын тәмамдағанын да айта кету керек. Мұнан кейін депо басшылығы тәжірибесі молайған әрі білімін жетілдірген С.Баспақбаевқа тепловоз жөндеушілер бригадасына жетекшілік жасауды сеніп тапсырады. Оған кейін қызмет бабында күрделі жөндеу бойынша шебер, аға шебер дәрежесіне көтерілуін өзіне артылған сенімді ақтағандықтың дәлелі деп айтуға болатын шығар.

Бүгінде бай тәжірибесін

жастармен бөлісіп жүрген Сәкен өзінің еңбек жолындағы ұстаздарына деген ризашылығын білдіруді ұмытпайды. Жұмысқа қабылдаған депо бастығының жөндеу жөніндегі орынбасары Оңдаш Баймағамбетов, еңбек жолындағы Пірімжан Құлжанов, Елдос Қабетовтар оның білікті маман, жақсы азамат болып қалыптасуына өзіндік үлес қосты.

Жұмыс барысында небір қиын кездер болады. 1998 жыл-

дың көктем айларында тепловоздардың жанармай тетіктері, форсуноктары мен моторларының істен шығып, қатты өте қиын жағдай туындады. Сол кезде келген сояларқа құрамында смоласы көп болуы себепті сапасыз болып шықты. Соның салдарынан тепловоздар тұралап қалды. Ол уақытта Сексеуіл депосы Түркістан жол бөлімшесі құрамында болатын.

Ол жактан ревизорлар, тексерушілер жетті. Жергілікті мамандар істен шыққан қондырғыларды тездетіп жөндеу мақсатында депода түнеп жұмыс атқарды. Жұмыстың басында тамақтанып, сол жерде көздерінің шырымын алып, ақыры бір аптадан аса уақыт өткенде барлығын жөндеп

іске қосты. Сол еңбектері үшін Баспақбаев бастаған барлық жөндеушілерге қосымша бір айлық көлемінде сыйақы берілді. Жалпы Сәкеннің ұзақ жылғы еңбегі елеусіз қалған емес. Тепловозды зауытқа дейінгі ең жоғары күрделі жөндеулерден өткізуде қосқан үлесі үшін «Үздік ұжым» атағы беріліп, Елбасы Алғыс хатынан бастап теміржол саласының түрлі деңгейдегі құрылымдық басшыларының Құрмет грамоталарымен,

дипломдарымен, алғыс хаттарымен, «Даңқты еңбегі үшін» төсбелгісімен, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Осыдан алты жылдай бұрын ұжым мүшелері оны кәсіподақ ұйымының төрағасы етіп сайлаған болатын. Содан бергі уақытта өзінің шеберлік қызметімен қоса осы міндетті атқарып келеді. Жұмысшылар мүддесін қорғап, олардың жағдайын жасап, жұмыс орындарындағы қауіпсіздігін қалағалау, арнайы жұмыс киімдерімен, тағаммен қамтамасыз етумен қатар барлық мерекелік және спорттық шараларды ұйымдастырудың, ардагерлерді құрметтеудің басы-қасында жүреді.

Сәкеннің жұбайы Қамар Сыдықова да теміржол саласында қызмет еткен. Олар ұлдары Қайыржанның болашағынан зор үміт күтеді. Бүгінде С.Аманжолов атындағы Шығыс



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

МФО «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС»

ШАҒЫН НЕСИЕ

- ✓ зейнеткерлер (78 жасқа дейін) мен жұмыс істейтіндерге
- ✓ 5 000 теңгеден 400 000 теңгеге дейін
- ✓ кепілдіксіз
- ✓ екі аптадан алты жылға дейін
- ✓ 15 минутта!
- ✓ жоғары несиелік ауыртпалығы және нашар несиелік тарихы бар қарыз алушыларға!

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР!

Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе (№3 гимназияға қарама-қарсы) тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45

КР Ұлттық Банктен №КЗ01/sg0000355 лицензиясы берілген

ТАЛАПКЕР – 2020

Шығыс Қазақстан ауылшаруашылық колледжі

2020-2021 оқу жылына 9-11 сынып негізінде төмендегі мамандықтар бойынша оқушылар қабылдайды:

Ветеринария; Агрономия; Ауыл шаруашылығын механикаландыру; Ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу.

Тегін оқу, тегін жатақхана, бір мәзгіл ыстық тамақ беріледі, шәкіртақы төленеді.

Мекен-жайымыз: Оскемен қаласы, Ұлан ауданы, Саратовка ауылы, Молодежная көшесі 4. Анықтама телефоны: 8(72334)38-132, 8-771-987-74-62.

(Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасынан 19.01, 2009ж. №0067074 Серия АБ лицензиясы берілген)

● ӨНЕРДІГІ ӨРЕН

Жібек баулы сұңқардай самға биік

Жақында әлеуметтік желі парақшасынан жанды дауыста өсем ән салып тұрған әдемі қыздың бейнежазбасын көріп, бұрын-соңды ешкім естімеген талант иесін өзім тауып алғандай қуандым. Пікір алаңына «нағыз әнші» деген жазба қалдырдым. Ол – қармақшылық Айжан Қыдырбек есімді жас әнші екен.

Сb Дүйсенбек АЯШҮЛЫ, «Сыр бойы»

Танертен мені редактор өзіне шақырып, «осы әншіні газетке жазайық, жас дарынға қолдау көрсетейік» деп ұсыныс айтты. «Ойымыз бір жерден шықты» деп тағы қуандым. Мен неге қуанып жүрмін? Сонау тоқсаныншы, екіншініншы жылдардың ішінде – Мәдина Сәдуақасова, Гүлнұр Оразымбетова, Арайлым Ыбраева, дәстүрлі әншілер Үміт Мелеуова, Күнесүл Түрікпен секілді жас өнерпаздар жөнінде газетке суреттеме жазып едім, кейін олар күллі қазақ жұртына танылып, өнер жұлдызына айналды. Кейде мен сөзі киелі «Сыр бойы» газетін жас таланттарды хас таланттарға айналдыратын ақ баталы ордадай сезінемін.

Енді көзіме қазақ ән өнерінің жарық жұлдызы Айжан елестеп отыр. Оның бойға біткен дарыны осылай ой қорытуға әсте лайық.

Айжан Қыдырбек Қармақшы ауданындағы Т.Көмеқбаев атындағы 250 мектеп-лицейінде 9 сыныпты бітіріп, Ж.Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжінде оқыған. Жәніс Сейділұлаулы, Сәкен Майғазиев, Рамазан Стамғазиев, Ұлту Қабаева секілді өнер тар-



ландарынан тәлім алған. Еңбек жолын Қызылорда облыстық филармониясынан бастаған. Бұл өнер ордасында – Талғат Макашов, Әзиза Іздікүлова, Әбдіхалық Мұстафаев секілді тәлімгерлерден тәжірибе жинаған.

Ең бастысы, бітім-болмысында қан мен сүттен сіңген өнер бар.

Әкесі Қыдырбек домбырамен «ауылдың алты ауызын» айтатын өнерлі

жан. Анасы Хадиша – Қармақшы өңіріндегі жүз жырау шыққан Тұрмағамбет ауылының тумасы. Кез келген акынның өлеңін кітаптан оқығандай айта беретін жадына таңғалмай тұра алмайсыз. Ал, нағашы әжесі Мағұжан – Тұрмағамбет шайырдың қарындасы.

Ауылда тұрып, жалпақ жүртқа аты естілмей келе жатқаны болмаса Айжанның алған атақтары да атан тартарлық.

2008-2010 жылдары қатарынан үш рет республикалық ән байқауының Гран-при иегері болған. Одан беріде Италияда өткен халықаралық «Rimini Fest» ән байқауында Гран-при, Түркиядағы Халықаралық «Art Olimpia» әнби байқауында I орынды иеленген. Ал, 2013 жылы Франциядағы Халықаралық «Париж аспаны астында» ән байқауында тағы да Гран-при сыйлығын жеңіп алған.

Айжан бүгінде Қармақшы аудандық мәдениет үйінде көркемдік жетекші болып қызмет атқарады. Өнер жанащығы, сүлейлердің сынығы атанған Арнұр Көшенейдің тәрбиесін алып жүр. Қоғамдық жұмыста да белсенді, «Дәметкен ана» балаларды оңалту орталығының ерікті тобының мүшесі.

«Жанды дауыста өнер көрсету кенінен қолға алынса, еш ойланбастан жеке ән кешімді өткізер едім», – дейді Айжан. Оның осы сенімділігі ұнайды. Көріпкелдіміз болмаса да жиырма бір жастағы дарынның кемел келешегін елестетуіміз ел тілегімен ұншасары хақ.

● КӘСІП

«Бір айда төрт қыздың жасауын тіктім»

Шиелілік Нұргүл Базарбекқызы – қол-өнер шебері. Көпбалалы ана өнерін кәсіпке айналадырып, табыс тауып отыр. Былтыр нәтижелі жұмыспен қамтууды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында білім алды. Кәсіпкерлік сертификатын иемденді. Жоба жасап, комиссияға ұсынды. Нәтижесінде мыңталы кәсіпкерге 505 мың теңге қайтарымыз грант берілді.

Сb Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

Шебер есігінің алдынан шағын цех ашқан болатын. Қайтарымызсыз қаражатқа екі заманауи тігін машинасын сатып алды. Керекті құрал-жабдықтарын түгендеді. Құрақ, ою-өрнекпен көмкерілген көрпешелер, қыз жасауы, қазақы нақышта безендірілген перделер тігу – негізгі жұмысы. Сонымен қатар түрлі моншақтар мен асыл тастардан сәукеле, білезіктер мен белбеулер жасайды.

Нұргүлдің негізгі мамандығы – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Алматыдағы Орталық Азия университетін бітірген. Ауыл мектебінде 16 жыл ұстаздық етті. Бірақ көлөнерден ажыраған жоқ. Қолы қалт етсе, жанына жақын ісін жалғастырды. Аудандық, облыстық деңгейде ұйымдастырылған көрмелерге қатысты. Жүлделер мен марапаттарға ие болды. «Шиелі шеберлері» ұйымының белді мүшесі атанды.

– Бала кезден кілем тоқу, текемет басу, киізге

болмайтын. Көрші-қолаң, ағайын-туыстың тапсырысын орындайтын. Уақыт өте келе менің де қолым икемделіп, тігін тігуді меңгердім. Жұмыс пен тігіншілікті қатар алып жүрдім. Қаншама қыз жасауын жасадым. Тұтынушылардың алғысы маған жана дүниелер жасауға шабыт берді.

Соңғы кездері қол-өнер бұйымдарына қызығушылық артқан. Көпшілік тоқылған, табиғи таза

дәстүр қайта қолданысқа енді. Бұл бір жағынан ұлттық өнердің қайта жандануына түрткі болды, – дейді көлөнерші.

Нұргүл Шиелі ауданындағы мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Ду-ман» оңалту орталығында да қызмет атқарды. Еңбек нұсқаушысы болған ол балалар қолының ұсақ моторикасын дамыту үшін түрлі моншақтармен жұмыс жасауды үйретті. Елтілігі

бас жүлдені жеңіп алды. Бірлесіп жасаған жұмыстары көпшіліктің көңілінен шықты. Фестивальде оларға 500 мың теңгелік сертификат табыс етілді.

Шебер уақыт өте келе көлөнерге түбегейлі бет бұрды. Көпбалалы ана кәсіп бастап, жеке тігін шеберханасын осылай іске қосты. Әзірге жұмысты жалғыз өзі атқарып жүр. Тапсырыстың көптігінен күні-түні еңбек етуге тура келеді.

Алда жоспар көп. Кәсіп бастағаным аз уақыт болса да еңбегім жемісін беруде. Тұтынушылар қатары күн санап артауда. Кейде үлгере алмай қалып жатамын. Бір айда 4 қыздың жасауын жасадым. Тағы екі қыздан тапсырыс түсіп, іске кірістім. Ұзатылатын, биші, әнші қыздарға сәукеле жасап жатырмын. Ісімің берекелі болуы – балаларымның несібесі. Ешкімге алақан жаймай, қажеттіліктерін өтеп келемін. Бастаған шаруама мемлекет тарапынан да қолдау берілді, – дейді Нұргүл Базарбекқызы.

Расында, біз тігіншілікті жай мамандық ретінде бағалаймыз. Бірақ осы салада еңбек етіп, талай табысқа кенелген тігіншілерді жиі естіп, жазып та жүрміз. Тіпті, сән әлемін бағындырған ісмерлер көп. Міне, бүгін сол кейіпкерлердің бірін тағы да мақалаға арқау еттік. Аянбай еңбек еткеннің ғана бағы жанады. Мейлі ол тігінші болсын, ұстаз болсын...



түр салуды үйрендім. Анам шебер кісі болатын. Қолынан бәрі келетін. Мені көлөнерге баулыды. Білген-түйгенін үйретті. Ескі тігін машинасы үнемі бос

өнімге ден қойды. Әсіресе, құрақ көрпешеге сұраныс бар. Бұрын қыздың жасауына «басы құралсын» деген ырыммен құрақ көрпешеге жасатын. Осы

бар балалардан шәкірт дайындады. Былтыр мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған облыстық «Жан жылуы» фестивалінде оқушысы Қаракат Қыдырбаева

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Тұлеуова Айгерім Әмірәліқызы 2015 жылдың 10 ақпанында қайтыс болған азамат Прмағанбетов Жайманның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Амангелді көшесі 109/41 А, тел.: 8 778 001 08 88.